

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ

13-ТОМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

ҒҰРЫШТЫҚ ФОЛЬКЛОР

عۇرپىتىق فولكلور

ӘОЖ 398 (574)
ББК 82.3(5Қаз)
Қ17

**ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі басуға ұсынған**

*AP08855741 «Қазақстанның қолжазба мұрасын ұлттың
«Рухани жаңғыру» парадигмасы ретінде тану: жинау, сақтау,
цифрландыру, жүйелеу, электронды каталогтау, жариялау және
зерттеу» жобасы бойынша әзірленді.*

Редакциялық алқа:

К.І. Матыжанов (төраға), А.К.Қалиева (төрағаның орынбасары), Т.Е. Қыдыр
(жауапты редактор), Т.Әлбеков, Қ.Б. Алпысбаева, П.Т. Әуесбаева, Ж.С. Рақыш,
С.С. Қорабай, Т.Т. Әкімова, Н.М. Мүрсәлімова (жауапты шығарушы),
Ж.Т. Салтақова, Н.Ә. Сәрсек, А. Оралбек, Н. Елесбай

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы А.Т. Хамраев,
филология ғылымдарының кандидаты Б. Әбжет.

Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. Т.13. / Құраст.
Қ17 А.Оралбек, Ж.Т. Салтақова, Н.М. Мүрсәлімова. – Алматы: Silver
Press, 2022. – 306 б., илл.

ISBN 978-601-354-088-7

ӘОЖ 398 (574)
ББК 82.3(5Қаз)

Жинақтың 13-томына халық арасына тараған ғұрыптық фольклор-
дың хатқа түсіп, еліміздің сирек қорларында сақталып қалған үлгілері
қамтылды. Атап айтсақ, балалар фольклоры, үйлену ғұрып фольклоры,
мұң-шер өлеңдерінің қолжазбасы топтастырылды.

Еңбек фольклортанушы, әдебиеттанушы ғалымдарға, жоғары оқу
орындарындағы филология факультеттерінің студенттеріне, магистрлері
мен PhD докторанттарына арналған.

ISBN 978-601-354-088-7

© М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2022

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба бөлімі «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» көптомдығының жаңа жинақтарын баспаға әзірлеу жұмыстарын жалғастырады.

Ғылыми сипаттаманың осыған дейінгі дайындалған он екі кітабы эпостық туындыларға, халық прозасына, ақын-жыраулар шығармашылығына арналды. Нақтылап айтқанда, көптомдықтың қатарын «Батырлар жыры» (1-к., 1975), «Ғашықтық жырлар» (2-к., 1979), «Тарихи жырлар» (3-к., 1981), «XV-XIX ғасырлардағы ақындар шығармалары» (4-к., 1985), «XX ғасыр басындағы ақындар шығармалары» (5-к., 1986), «Айтыс» (6-к., 1989), «Ертегілер» (7-к., 2003), «Дастандар» (8-к., 2005), «Тәуелсіздік идеясы жырланатын эпостар» (9-к., 2012), «Аңыздар» (10-к., 2013), «Тарихи аңыздар» (11-к., 2017), «Ауызекі әңгімелер» (12-к., 2020) сияқты еліміздің белгілі қолжазбатанушы ғалымдары М.Ғабдуллиннің, Б.Ысқақовтың, М.Ғұмарованың, Ә.Нарымбетовтың, С.Қасқабасовтың, Б.Әзібаеваның, Т.Әлбековтің жетекшілігімен дайындалған кітаптар толықтырып отырды.

Қазақ фольклорының ең бір көне жанрларының бірі – ғұрыптық фольклор. Көптомдықтың кезекті 13-кітабына халық арасында кеңінен таралған ғұрыптық фольклордың қолжазба мәтіндері қамтылды. Халық шығармашылығының бұл түрлері ежелгі замандардан бері адам баласымен, оның тұрмыс-тіршілік, әлеуметтік салт-сана, дәстүр, дін, кәсіп тәрізді өмірлік басты құндылықтарымен қабаттаса, кезектесе, сабақтаса дамып келгені мәлім.

Ғұрыптық фольклордың көлемді саласын отбасылық ғұрыпқа қатысты салт өлеңдері құрайды. Ішкі жанрлық тұрғыдан үлкен үш бөлікке бөлінетін отбасылық ғұрып фольклорының басты түрлері: құда түсу, тойбастар, жар-жар, сыңсу, аушадияр, беташар, неке қияр өлеңдері және жерлеу салтына қатысты ырымдар мен өлең-жырлар (жоктау, дауыс, көңілқос, көрісу т.б.) болып келеді.

Қазақ халқының өмірінде әсіресе, үйлену, шаңырақ көтеру немесе қыз ұзатуға байланысты салттық өлеңдер маңызды орын алады. Мұның өзіндік себебі де бар. Мәселен, үйлену жоралғылары бір күнде біте қалатын шаруа емес. Айталық, құда түсу, сырға тағу (үкі тағу), ұрын бару, қыз ұзату, келін түсіру, жасау апару сияқты кәделі рәсімдер бірнеше айларға немесе жылға дейін созылуы мүмкін. Сондай-ақ осы аталған үйлену ғұрыптарына қатысты орындалатын ырымдар мен салт өлеңдерінің өзі әр алуандығымен ерекшеленеді. Солардың ішінде, әсіресе, ұзатылар қыздың ішкі толғанысы

мен өз еліне деген мұңлы назы мен сағынышты сезімдерін суреттейтін сынсу, қоштасу, аужар, қайым айту, жар-жар өлеңдерінің орны ерекше. Бұдан кейінгі ғұрыптық фольклордың көркем де көлемді түрі қатарында келін түсіру тойында орындалатын беташар өлеңдерін атаймыз.

Жинақта 260 ғылыми сипаттама: балалар фольклоры, үйлену ғұрып фольклоры, салт жырлары, мұң-шер өлеңдер топтастырылып, кездескен жағдайда олардың нұсқалары мен версиялары қатар берілді. Тағы бір құлақтар ететін жайт, ғұрыптық фольклор халық арасында өте кең таралып, ел жадында да аса мол сақталған. Ал біз көрсетіп отырған саналым – тек еліміздің сирек қорларында сақталған қолжазба мәтіндердің ғана көрсеткіші. Сондықтан оқырман қауым осыны терең ұғынып, түсінікпен қарайды деген ойдамыз.

Топтаманың құрылымдық жүйесіне орай жинақтың алғашқы бөлімі бойынша әр сипаттаманың бастапқы ортаңғы жиегіне реттік саны (**I**), сол жақ шекесіне буманың шифры (**Ш. 356**), сондай-ақ осы жақшаның ішіне институттың немесе кітапхананың қысқартылған Атауы қойылды (**ӘӨИ**, **ОҒК**), егер ескі шифр болса, онда жаңа таяқша белгімен айрылады. Мысалы:

Ш. 356/1 (ӘӨИ)

«Сипаттаманың» оң шекесіне алдымен қолжазбаның парағы (**П.2**), беті (**Б.12**), жол саны (**Ж.17**), астыңғы екінші қатарда қолжазба мен мәтіннің (ұзындығы, ені) көлемі мен өлшемінің көрсеткіші (сантиметрмен) жазылады. Мысалы:

П.2; Б.12; Ж.17
17x22; 22x20

Осыдан кейін шығарманың Аталуы көрсетіледі. Мысалы:

Бесік жыры

Қолжазда мәтіндердің атаулары қандай әріппен көрсетілсе, сипаттамада да сол қалпында жазылды. Қазақ қолжазбаларының үш түрлі әліпби-дегі үлгілері кездеседі: арабша, латынша, қазіргі қолданыстағы кириллше.

«Сипаттаманың» екінші бөліміне қатысты тараулар: «аталуы», «авторы», «жыршысы», «көшірушісі», «тапсырушысы», «экспедициясы», «аннотациясы», «нұсқасы», «басқы, соңғы сөзі», «қолтаңбасы», қолжазбаның қай жылы, қай жерде жазылып алынғаны, қандай әріппен, сиямен

жазылғаны, қолжазба беттерінің нөмірленуі, мәтіннің орналасуы, қалпына келтірілуі, ақауы, нұсқалары, библиографиясы т.б.

Жинақтың «Қосымшаларына» «Сипаттамаға» енген қолжазбалардың түпнұсқа үлгілері (иллюстрациясы), шығармалар көрсеткіші (араб, латын, кирилл әріптерінде), кісі аттарының көрсеткіші: авторларға, жыршы-жырауларға, жинаушыларға, тапсырушыларға, аудармашылар мен көшірушілерге байланысты (араб, латын, кирилл әріптерінде), шығармалардағы жер атаулары мен экспедициялар көрсеткіші енгізілді.

Ғылыми орта мен қалың оқырманға ұсынылып отырған «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасының» 13-томын құрастыруға қатысқан авторлар және олар жазған сипаттамалардың реттік саны:

Оралбек Алмас – 1-105, Салтақова Жанат – 106-186, Мүрсәлімова Насихат – 187-260.

Кітапқа енген көрсеткіштерді дайындаған және компьютерге теріп, қажетті сөздерді араб, латын әліпбиіне түсірген – Алмас Оралбек.

Жинаққа енген ғылыми сипаттаманың саны – 260.

БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫ

1

Ш. 920/117 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.10;

28x18; 22x13

Бесік жыры

Аталуы. Бесік жыры.

Айтушысы. Сырманқызы Құлқаныс – бұрынғы Шымкент облысы Созақ ауданы Энгельс ауылының тұрғыны (1997 жыл).

Жинаушысы. Саттаров Қыдырәлі (1936-2011) – фолклортанушы, зерттеуші, халық мұрасын жинаушы ғалым. Филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол Қазақстанның оңтүстік өңірінен, Өзбекстан аумағындағы қазақтар арасынан халық мұрасын жинауды ұйымдастырған, оларды жүйелеп, бастырып таратқан, ел ішіне насихаттаған. Қ.Саттаров Оңтүстік Қазақстан және Өзбекстанның Ташкент өңіріне бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедициялар ұйымдастырып, оларды басқарды. Ел арасынан жинаған халық әдебиеті үлгілерінің 200 жинақтан тұратын топтамасын М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырған.

Аннотациясы. Ұлттық тәрбиенің бастауы саналатын бұл бесік жырының мәтіні небәрі он тармақтан тұрады. Өлеңнің кейбір жолдарындағы - «ау» шылауының тіркесе айтылуы сазды әуенмен астаса орындалатындығын айғақтайды. Өлеңде ананың, яки айтушының балаға деген ыстық мейірімі, ізгі тілек-ниеті көрініс тапқан.

Басқы сөзі (107-б.):

Әлди, әлди, әлди бөпем,
Әлдилесем келеді-ау,
Неше түрлі өлеңім.

Соңғы сөзі (107-б.):

Жалғыз да Құдай жар болып,
Қабыл болсын тілегің.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1997 жылы Шымкент облысы Түркістан ауданындағы қазақтардың ауыз әдебиеті үлгілерін жинау экспедициясы кезінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.920/117.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

2

Ш. 920/ 56 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.34;
28x18; 22x15

Бесік жыры

Аталуы. Бесік жыры.

Айтушысы. Белгісіз.

Жазып алған. Низами атындағы Ташкент педагогикалық институтының студенттері.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Бұл мәтін 34 жолдан тұрады. Өлеңнің тармақтары шу-мақтарға бөлінбей берілген. Мәтінде «жілік шағып берейін», «байқасқаның құйрығын, жіпке тағып берейін», «ешкі сауып сүт берер», «койға барсаң қошқар бар» деген сынды халық өмірінен сыр шертер этнографиялық өрнектер мольнан кездеседі. Мәтін 7-8 буынды жыр үлгісінде келеді.

Басқы сөзі (75-б.):

Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып беремін.

Соңғы сөзі (76-б.):

Кемпір менен шалдардың,
Ауыздары бүрісті.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Түптелген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.920/56.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

3

Ш.920/112 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.16;

28x18; 22x13

Бесік жыры

Аталуы. Бесік жыры.

Айтушысы. Айдашқызы Балтілеу. 1912 жылы туған. Руы – найман, зейнеткер. Басқа мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Мәтін тұрақты нұсқа болмаса да, ежелден ел арасында айтылып, қалыпқа түскен дәстүрлі үлгіде келеді. 20 тармақты өлеңнің алғашқы жеті жолы 7-8 буынды жыр түрінде айтылады. Он үш тармақты екінші шумақтағы нәзік лирикалық көңіл-күй, негізгі идея диалог түрінде беріледі.

Басқы сөзі (75-б.):

Әлди, әлди, ак бөпем,
Ұйықтай қойшы, жан бөпем.

Соңғы сөзі (76-б.):

Терсе, терсе, терсе екен,
Үйге жылдам келсе екен!

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1997 жылы Шымкент облысы Түркістан ауданындағы қазақтардың ауыз әдебиеті үлгілерін жинау экспедициясы кезінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Жок.

Папкасы. ӘӨИ: Қ. 920/112.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

4

Ш. 920/85 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.30;
28x25; 25x12

Бесік жыры

Аталуы. Бесік жыры.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Шығарманың құрылымы бір сарынды, баланы уату үшін орындалатындықтан, ырғағы мен екпіні бесіктің тербелісіне ыңғайлас айтылады. Төрт шумақты өлең мәтіні 7-8 буынды жыр түрінде келеді.

Басқы сөзі (18-б.):

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.

Соңғы сөзі (18-б.):

Жаратқанға жалынып,
Жанымды құрбан қалсам мен.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1997 жылы Шымкент қаласында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Ақауы. Жоқ.

Папкасы. ӘӨИ: Қ. 920/85.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

Бесік жыры

Аталуы. Бесік жыры.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Қолжазбада Махмұт Будаилы деп көрсетілген. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Аннотациясы. Жырды айтушының сөзіне үңілсек, бесік жырын гармонмен айтқан. Дәстүрлі бесік жырының бір түрі.

Басқы сөзі (6-б.):

وسپان بایددنڭ قیزی ەدیم، مەن— زلیقا،
زلیقاننڭ قولیندا گارمون عیا .

Соңғы сөзі (9-б.):

جلاما بوپەم، قوي، بوپەم،
جلاماعن، ءالدي- اي.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. 1964 жылы институттың Қолжазба қорына тапсырған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптелген.

Қосымша белгілері. Жоқ.

Папкасы. Қ.506/3 (ӘӨИ).

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Ш. 964 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.24.

28x20; 17x20,5

Бесік жыры**Аталуы.** Бесік жыры.**Айтушысы.** Омаров Айташ – бұрынғы Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласының тұрғыны. 1912 жылы туған. Еңбек және соғыс ардагері.**Жинаушысы.** Қасымова Ә. – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенті (1990 жыл).**Тапсырушы.** Рахымов Берік (1958 жылы туған) – филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Айшырақ ауылында дүниеге келген. Қазақ фольклорындағы тарихи эпостарға қатысты көптеген еңбектердің авторы. 1991-2002 жылдар аралығында Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенттерінің фольклорлық практикасына жетекшілік жасап, ел арасынан көптеген фольклорлық шығармалар жинаған.**Аннотациясы.** Ел ішіне кеңінен таралған бесік жырларының бірі. Мәтінде жергілікті сөздер көптеп кездеседі.**Басқы сөзі (9-б.):**Әлди, әлди абайын,
Атқа тоқым жабайын.**Соңғы сөзі (9-б.):**Осы бөпем болмағанда
Кетер еді жайымыз.**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1990 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.964.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Ш. 1062 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.21;
28x20; 17x20,5

Бесік жыры

Аталуы. Бесік жыры.

Айтушысы. Жүсіпқызы Шайзада – 1916 жылы туған. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының тұрғыны. Мәгінді айтқанда жасы 74-те болған (1990 жыл).

Жинаушысы. Қызылорда Педагогикалық институтының студенттері.

Аннотациясы. Жырдың бастапқы шумақтарында ұйақастары әртүрлі. Айтушы жырдың біраз жолын ұмытып қалған сияқты. Мәтіннің соңы дәстүрлі бесік жырымен аяқталады.

Басқы сөзі (58-б.):

Базардан келген бас кілем,
Масаты барқыттан несі кем?

Соңғы сөзі (59-б.):

Әлди, әлди, ақ бөпем.
Ақ бесікке жат, бөпем.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1990 жылы Қызылорда Педагогикалық институтының студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.1062.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Бесік жыры

Аталуы. Бесік жыры.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Ғабитова Фатима (1903-1968) – Талдықорған облысындағы Қапал селосында туған. Көп жылдар қазақ мектептерінде ұстаздық қызмет атқарған. Сонымен қатар ол қазақ ауыз әдебиетінің жанашыры ретінде 1920 жылдан бастап атақты қазақ ақыны І.Жансүгіровпен бірге әр жанрлы нұсқа үлгілерді жинаған. Әсіресе, Ә.Диваев еңбектерін сақтап, кейінге жеткізуде Ф.Ғабитованың сіңірген еңбегі аса зор.

Аннотациясы. Мәтінде ананың сәбиіне деген махаббаты, өскенде қол бастайтын батыр, сөз бастайтын шешен болсын деген ізгі ниеті мен тілегі айтылады.

Басқы сөзі (2-б.):

Áldı-áldı aq bórem,
Aq besikke jat bórem.

Соңғы сөзі (9-б.):

Aýadaǵy juldyzym,
Áldı balam, áldı-aı.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына латын әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1941 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.827, 4-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Ш. 1062 (ӘӨИ)

Б.1; П.1; Ж.16.

28x20; 15x13

Бесік жыры

Аталуы. Бесік жыры.

Айтушысы. Исабаев Асан – 1922 жылы Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы Шаған аулында туған. Ұлы Отан соғысының ардагері.

Жинаушысы. Қызылорда Педагогикалық институтының студенттері (1990 жыл).

Аннотациясы. Шығарма сұрақ-жауап ретінде айтылады. Өте қызықты, дидактикалық маңызы жоғары бесік жырларының бірі.

Басқы сөзі (96-б.):

Балам менің қайда екен,
Қыздарменен тауда екен.

Соңғы сөзі (96-б.):

Оның тұзын кім татар
Жыламайтын ұл татар.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1990 жылы Қызылорда Педагогикалық институтының қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.1062.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Ш. 955 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.44;
28x20; 17x20,5**Бесік жыры****Аталуы.** Бесік жыры.**Айтушысы.** Саркытбекова Биғайша – бұрынғы Жезқазған облысы, Ағадыр ауданы, Мойынды елдімекенінің тұрғыны. Жырды айтқанда 82 жаста болған (1991 жыл).**Жинаушысы.** Дүйсенбаева Л., Қанжапова М. – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенттері (1991 жыл).**Тапсырушы.** Рахымов Берік. Ол туралы мәлімет 6-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Дәстүрлі бесік жырларының бірі. Жаттанды өлең ұйқастарымен қатар, «отыз қызды олжалап, алып келе жатыр, балам» деген сияқты жана өлең жолдары да кездеседі.**Басқы сөзі (3-б.):**Әлди-әлди, бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.**Соңғы сөзі (4-б.):**Әлдилеп сені сүйгенде
Атаңның көңілі болар жай.**Қағазы, әріп-сиясы.** Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1991 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.955.**Библиографиясы.** Жарияланбаған.

Ш. 930 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.60;
28x20; 17x20,5**Бесікке бөлердегі айтылатын өлең****Аталуы.** Бесікке бөлердегі айтылатын өлең.**Айтушысы.** Нұрмағамбетова Төкен Түсіпқызы – 1906 жылы туған. Бұрынғы Жезқазған облысы, Ағадыр ауданы, Өспен ауылы, Нілді елдімекенінің тұрғыны. Көпбалалы ана.**Жинаушысы.** Төлеуова Айгүл – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенті (1990 жыл).**Тапсырушы.** Рахымов Берік. Ол туралы мәлімет 6-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Өлеңнің басы бесікті аластаумен басталып, нәрестенің тұсауын кесу кезінде айтылатын жырмен аяқталады.**Басқы сөзі** (24-б.):

– Ал, қарағым, мен саған бесікке бөлердегі айтылатын өлеңді айтып берейін.

Соңғы сөзі (25-б.):Асулардан аса бер
Жүгіре қойшы, құлыным!**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1990 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары. Қорға 1991 жылы Б.Рахымов тапсырған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.930.**Библиографиясы.** Жарияланбаған.

Қазақ халқының бала жұбатуы

Аталуы. Қазақ халқының бала жұбатуы.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Байбагыров Мұқаш (1889–1980) – ақын, әнші, халық мұрасын жинаушы. Бұрынғы Талдықорған облысы, Ақсу ауданында дүниеге келген. Алматы Опера және балет театрының әншісі болған. 1943, 1961, 1969 жылдары өткен республикалық айтыстарға қатысқан. Өлеңдері «Ақындар жыры» (1963), «Пернедегі термелер» т.б. жинақтарда жарияланған. Мұқаш ауыз әдебиетінің нұсқаларын, тұрмыс-салт жырларын, толғау, термелерді көп білген және жинаған.

Аннотациясы. Атауы басқа болғанымен, негізінен «бесік жырының» бір түрі болып табылады. Баланың жан-жүйесіне сүйсінерлік жағымды әсер қалдыратын бұл мәтінде ананың сәбиіне деген ыстық махаббаты, ақ тілегі айтылады. Мәтін 7 буынды жыр үлгісінде келеді.

Басқы сөзі (23-б.):

Әлди, әлди, бөбегім,
Жұбанбайтын не дедім.

Соңғы сөзі (24-б.):

Қызығыңа тоймадым.
Әлди, әлди, бөбегім-ау!

Қағазы, әріп-сиясы. Мәтін машинкамен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1954-1959 жылдары Алматы облысында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.356, 4-дәп.

Библиографиясы. Балалар жинағы. – Қызылорда, 1926.; Балалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

Анасының баласын жұбатыуы

Аталуы. Анасының баласын жұбатыуы.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Диваев Әбубәкір (1856-1932) – этнограф, фольклортанушы. Ұлты – башқұрт. Орынбордағы Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген, 1876 жылдан бастап Түркістан өлкесіне әскери қызметпен келген. Тәшкен қаласында Әскери-халықтық басқармада қызмет еткен. Сол жылдардан бастап қазақтың ауыз әдебиетін жинап, зерттеп, баспа бетінде жариялап отырған. Эпостық жырларды, ертегілерді, балалар фольклорын, шешендік сөздерді қағазға түсірді, кейбіреуін орыс тіліне аударды. Ежелгі күнтізбе, астрономия туралы халық ұғымдарын жинады. Ә.Диваевтың ғылымға сіңірген еңбегін П.М.Мелиоранский, В.А.Гордлевский, В.В.Бартольд т.б. ғалымдар жоғары бағалады.

Аннотациясы. Мәтіннің мазмұны 8-сипаттамадағы бесік жырымен ұқсас.

Басқы сөзі (11-б.):

الدي - الادي اپپاعم ،
قوزى ء جۇنى قالپاعم .

Соңғы сөзі (11-б.):

قوس القاسى موينندا ،
قزدار جاتر قوينندا .

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Ақ түсті қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1920-27 жылдары жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОФК: Қ.827, 1-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Анасының баласын жұбатыуы

Аталуы. Анасының баласын жұбатыуы.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Айтушысы. Сырдария қазақтарынан жазылып алынған.

Жинаушысы. Диваев Ә. Ол туралы мәлімет 13-сипаттамада берілді.

Аннотациясы. Мәтінде бесіктегі баланы тербете отырып, анасының сәбиін әлдилеп өлеңдеткені, сонымен бірге өлең мазмұнында ескі батырлар жырынан қосып айтып, ұйықтап жатқан сәбидің болашағын батырлықпен, ерлікпен байланыстырып, үлкен сенім артатыны да көрінеді.

Басқы сөзі (9-б.):

الدي - الدي اق بوپەم،
اق به سڪكه جات بوپەم.

Соңғы сөзі (10-б.):

جه تی قارین جه نتمیز،
بۇقار شاهار كه نتمیز.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Ақ түсті қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1900 жылы Ташкент қаласында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.827, 1-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Әлди

Аталуы. Әлди.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Құйқалақова А. – Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті (1990 ж.)

Аннотациясы. Мәтін мазмұнында ұл баланы уатумен қоса, батыр болсын деген тілек айтылып, бөбектің келешегіне зор сенім артады.

Басқы сөзі (16-б.):

Әлди-әлди дегізген,
Аялап қаймақ жегізген.

Соңғы сөзі (15-б.):

Ел сүймесе сүймесін
Өзім сүйген аппағым.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қосымша белгілері. Қолжазбаның парақтары бір жерден ғана тігілген. Түптелмеген.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.954.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Әлди-әлди ақ бөпем

Аталуы. Әлди-әлди ақ бөпем.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Айтушысы. Сағия Бостанқызы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Қолжазбада жинаушы «Сүлейменов» деп жазылған. Басқа мәлімет берілмеген.

Аннотациясы. Өлеңде дәстүрлі бесік жырының үлгісімен сәбиін тербетіп жатқан ананың ізгі тілегі, үміті айтылады.

Басқы сөзі (14-б.):

ءالدي-ءالدي اق بوپەم ،
اق به سكه جات بوپەم .

Соңғы сөзі (14-б.):

الماسنان فايدا هكەن ،
جاڭا تەربپ ءجۇر هكەن .

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Жолды оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1940 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.827, 1-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Баланың жыры

Аталуы Баланың жыры.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Диваев Ө. Ол туралы мәлімет 13-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Ескіден келе жатқан жыр жолдарын қолдана отырып, бесікте жатқан баланың болашағының нұрлы, денсаулығының мықты болуын тілей отырып, өскенде ел үмітін ақтайтын елеулі азамат болуын тілеген ананың ақ тілегі жырланады.

Басқы сөзі (12-б.):

اینالایین بالاسی - ای ،
هتە گننده قۇرماش .

Соңғы сөзі (13-б.):

جه تکیزبه سه قایته منز ،
جیلای - جیلای جورهمنز .

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Тор көзді оқушы дәптеріне қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1920-27 жылдары жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.827, 1-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Баланы қонақ күтуге байланысты тәрбие өлең шумағы

Аталуы. Баланы қонақ күтуге байланысты тәрбие өлең шумағы.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Өлең мәтіні қонақ келгенде жас сәбиді жұбатуға арналған, кейбір жолдары бесік жырында келетін тұрақты тармақтармен айтылады. Өлең төрт тармақты, бес тармақты және көптармақты шумақтардан құралған. 7-8 буынды жыр үлгісінде келеді.

Басқы сөзі (19-б.):

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем,

Соңғы сөзі (19-б.):

Сом темірге балға бар,
Сүлкісінгенге Алла бар.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына кара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1997 жылы Шымкент облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Қ. 920/85.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. –Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Өлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

Балалар сөзі

Аталуы. Балалар сөзі.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Диваев Ө. Ол туралы мәлімет 13-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Мәтінде екі жаққа бөлінген балалар өлеңмен өз аталарын мақтап, бір жағы екінші жақтың атасының мінін айтып бетіне басып, сөз жарыстырады. Соңында басым түскен жағы жеңген болып саналады.

Басқы сөзі (7-б.):

مه نىڭ اتام سۇراساڭ ،
قالام الپ حات جازادى .

Соңғы сөзі (7-б.):

جاردان ءتۇسىپ ساقئانبا ،
سەن جامان اتاغدى ماقتاما .

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1920-1927 жылдары.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке алты қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папқасы. ОҒК: Қ.827, 1-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Бала жұбатқан кемпір-шалдың өлеңі

Аталуы. Бала жұбатқан кемпір-шалдың өлеңі.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Ғабитова Фатима. Ол туралы мәлімет 8-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Бесіктегі сәбиіне деген ананың сүйіспеншілігінен туындаған әлди өлеңі. Бесіктегі баланы бар жақсыға теңеп, ескіден келе жатқан сарынмен сәбиін ұйықтатып жатқан бесік жыры.

Басқы сөзі (1-б.):

Қарғалар-ау, қарғалар,
Қанатымен жорғалар.

Соңғы сөзі (1-б.):

Артынан келген әкесін,
Құрықпен ұрып жық деді.

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1941 жылы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалшына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.827, 4-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Қазақ халқының бала жұбатуы

Аталуы. Қазақ халқының бала жұбатуы.

Жинаушысы. Байбатыров М. Ол туралы мәлімет 12-сипаттамада берілген.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Айтушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Сәбиіне еміренген ананың бесіктегі баланы ұйықтату үшін әдемі ырғақпен, бесікті тербете отырып айтатын өлеңі. Өлеңде баланы бар жақсыға теңеп, болашағынан зор үміт күтетін арман-тілек айтылады. Аман-есен ер жетіп, еліне қызмет етер азамат болауын көксейді.

Басқы сөзі (23-б.):

Әлди, әлди бөбегім,
Жұбантайын не дедім.

Соңғы сөзі (24-б.):

Қызығыңа тоймадым,
Әлди, әлди бөбегім-ау.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Ақ түсті кеңсе қағазына кирилл әрпінде машин-камен терілген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1954-1959 жылдары жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.356, 4-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Ш. 930 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж.31;
28x20; 17x20,5**Тұсау кесу жыры****Аталуы.** Тұсау кесу жыры.**Айтушысы.** Қоқажанова Рымкеш Кәшкенқызы – 1939 жылы туған. Руы – Қаржас. Қарағанды облысының тұрғыны. Басқа мәліметтер кездеспеді.**Жинаушысы.** Мұхамеджанов Д., Әбілқасов Ғ. – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенттері (1990 жыл).**Тапсырушы.** Рахымов Берік. Ол туралы мәлімет 6-сипаттамада берілген.**Аннотациясы.** Көркем жазылған қазақтың тұсау кесу жырларының бірі. Әжесі ала жіпті иіріп бастағанын, «ешкімнің ала жібін аттамасын» деп ырым еткенін айтады. Елім, жерім деп туған үлкен азамат болсын деген жақсы тілектерді жырға арқау еткен.**Басқы сөзі (6-б.):**Қара тоқты шалып кел,
Қара түбіт алып кел.**Соңғы сөзі (7-б.):**Үлкен-үлкен жолдарда
Үлкен оймен көп жүрсін!**Қағазы, әріп-сиясы.** Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.**Қашан, қайда жазылғаны.** 1990 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары. Қорға 1991 жылы Б.Рахымов тапсырған.**Беттелуі.** Еуропа цифрымен беттелген.**Мәтіннің орналасуы.** Әр бетке бір қатардан орналасқан.**Папкасы.** ӘӨИ: Қ.930.**Библиографиясы.** Жарияланбаған.

Ұшты-ұшты

Аталуы. Ұшты-ұшты.

Айтушысы. Ержанұлы Ә. – Қарағанды облысының тұрғыны. Басқа мәліметтер кездеспеді.

Жинаушысы. Жұмабекова Б., Әбділдина М. – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенттері (1990 жыл).

Аннотациясы. «Ұшты-ұшты» ойыны – ойыншылардың ойлау қабілетін шыңдауға, тез шешім қабылдауға, ұшқырлыққа үйрететін ойындардың бірі. Мәтінде ойын тәртібі туралы қысқаша мәлімет берілген.

Басқы сөзі (11-б.): Бұл ойын үйдің ішінде немесе сыртта да ойнала береді.

Соңғы сөзі (11-б.): Осы ойында жаңылыспаған ойыншы жеңіп шығады.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1990 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке қарасөз үлгісінде орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Қ.924.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Құлақ кесу

Аталуы. Құлақ кесу.

Жинаушысы. Диваев Ә. Ол туралы мәлімет 13-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Бұл өлең баланы сергіту, алдарқатып көңілін басқа нәрсеге аудару мақсатында айтылады. Өлең құрылысы ойнақы, жеңіл әзілге құрылған. 8 тармақты мәтін 7 буынға құрылған.

Басқы сөзі (6-б.):

قارعام، قارعام دهسه دی،
قارعام قاشان وسه دی؟

Соңғы сөзі (7-б.):

اشوئنا تيسه گدهر
قۇلاعگدى كه سه دی.

Қағазы, әрпі, сиясы. Ақ түсті қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1920-27 жылдары жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.827.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. –Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Өлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

Ойнар

Аталуы. Ойнар.

Жинаушысы. Диваев Ә. Ол туралы мәлімет 13-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Сегіз тармақты қысқа ғана тақпақтың мағыналық ауқымы кең, астарында жұмбақ жанрының белгілері байқалады. Тақпақтың поэтикалық болмысы, поэзиялық құрылымы жұмыр, тармақ жолдары кезекті ұйқас арқылы байланысқан. Буын саны әр килы.

Басқы сөзі (3-б.):

باسر، باسر باس وینار،
هکی باقسی تاس وینار.

Соңғы сөзі (4-б.):

كوجه مه نه ن تۇز وینار،
هتك په نه ن ٺبز وینار...

Қағазы, әрпі, сиясы. Ақ түсті қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1920-27 жылдары жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.827.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

Менің атам

Аталуы. Менің атам.

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Тақпақ диалог түріндегі балалардың өзара тәжікелесуіне құрылған. Мәтіннің ырғақтық-ұйқастық құрылымы әр түрлі өрнектеледі. Жол ішіндегі алғашқы және соңғы сөздер қайталанып отырады. Дегенмен образды, құнарлы тілмен, келісті сөз ұйқасымен айтылады.

Басқы сөзі (6-б.):

1-бала:

Менің атам сұрасаң, қалам алып хат жазады,
Сенің атаң сұрасаң, күрек алып боқ шашады.

Соңғы сөзі (7-б.):

2-бала:

Сен өзінді жақтама,
Жаман атаңды өтірік айтып мақтама!

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке бір қатармен орналасқан.

Ақауы. Ескіре бастаған. Жөндеуді қажет етеді.

Папқасы. ОҒК: Қ.728, 29-дәп.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

Өтірік өлеңдер

Аталуы. Өтірік өлеңдер.

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Жеке-жеке өлеңнің әрқайсысында гипербола, литота, шендестіру сияқты көркемдік-стильдік бейнелеу құралдары өтірік өлеңнің жанрлық табиғатына сай ұтымды қолданылған. Сондай-ақ, мәтіннің әрқайсысы мағыналы сюжетке құрылған.

Берілген өтірік өлеңдердің дені 11 буынды қараөлең үлгісінде келеді. Өтірік өлеңдер фантастикаға құрылғандықтан балалардың қиялын дамытуға септігін тигізеді.

Басқы сөзі (8-б.):

Өтірікті айтып-айтып шындай қылдым,
Ерітіп қара тасты ұндай қылдым.

Соңғы сөзі (9-б.):

Жүрегін біреуінің төрт бөліп жеп,
Нансаңыз, өмірімде бір-ақ тойдым.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Мәтін әр бетке бір қатармен орналасқан.

Ақауы. Ескіре бастаған. Жөндеуді қажет етеді.

Папкасы. ОҒК: Қ.1884.

Библиографиясы. Балалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

Малақай тастамақ

Аталуы. Малақай тастамақ.

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Бұл ұлттық ойынның түрі көбірек қозғалмалы іс-қимылдарға негізделеді. Сондықтан да аталмш ойын дене шынықтыру, балалардың күш-қуатын жетілдіру үшін аса қолайлы. Кейбір өңірлерде «тақия тастау» ойыны деп аталатын бұл ойын балаларды шапшандыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейді.

Басқы сөзі (2-б.): Балалар дөңгеленіп отырады. Ойын бастаушы уәзір сайланады. Уәзір ойыншылардың арасынан бір балаға тақия береді.

Соңғы сөзі (6-б.): Шарттардың орындалуын уәзір бақылайды. Тақия тастау әрі қарай жүре береді. Бұл ойын тез ойлануға, дене қимылына арналған.

Қағазы, әріп-сиясы. А4 көлемдегі қағазға көк сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1991 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары. Сол кездегі Қарқаралы ауданы Бесоба совхозында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке қарасөз үлгісінде орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.1086 (А).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

Ақсүйек

Аталуы. Ақсүйек.

Жинаушысы. Жұмабекова Б., Әбілдина М.

Аннотациясы. Бұл ұлттық ойын ересек жастардың ойыны болып саналады. Ертеректе бірін-бірі ұнатқан қыз бен жігіттің кездесіп, сөз байласуына «ақсүйек» ойыны дәнекер болған.

«Ақсүйек» ойнау үшін айдың сүттей жарық түндері таңдалады. Ойын шарты бойынша жеңілген топ ән айтып, күй шертіп, әзіл-қалжың айтысатын, өнер көрсететін де дәстүр болған. Сондықтан бұл ойын қараңғылықта жол табуды үйретумен бірге әрі спорт әрі өнерді шыңдауға баулиды.

Басқы сөзі (4-б.): «Ақсүйек» – қазақтың ертеден келе жатқан және кең тараған ұлттық ойыны. Жастар да, балалар да ойнай береді. Жайнаған жаздың айлы түнінде кешкі уақыттарда ойналады. Ойнаушылар тең бөлісіп, екі топ болып ойнайды. Ойынның негізгі құралы – ақсүйек.

Соңғы сөзі (4-б.): Осылай сүйекті қолдан-қолға өткізіп, мәреге жеткізеді. Қай топтың адамы ақсүйекті мәреге жеткізе, сол топ өздеріне қарсыластарына бір ойыншыны қосып алады, ал жеткізе алмаса олардың бір ойыншысы екінші топ қалап алады. Ойын осылай жалғаса береді.

Қағазы, әріп-сиясы. А4 көлемдегі қағазға көк сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1991 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Бесоба совхозында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке қарасөз үлгісінде орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Қ.1086 (А).

Библиографиясы. Балалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

Мырыш ойыны

Аталуы. Мырыш ойыны.

Жинаушысы. Оспанова А. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Аннотациясы. Бұл ойын да қазақтың салт-дәстүр, дүниетаным тіршілігіне негізделген. Қозғалмалы ойындар тобына жатады. Жастардың мінез-құлық нормаларының қалыптасуына, қоғамдық өмірге араласуыларына бағыт сілтейтін ұлттық ойын болып табылады.

Басқы сөзі (2-б.): Киіз үй толы қыз-жігіттер. Дөңгелене отырған балалардан өздері ойын басқарушы сайлайды, ол адам «хан» деп аталады. Хан өзіне екі уәзір сайлап алады. Уәзірлер хан бұйрығын сөзсіз орындауға тиіс.

Соңғы сөзі (2-б.): Бірінші, екінші, үшінші ретте таба алмаса, ең жанаманы есек болып ақыр, көкек болып шақыр тағы басқа өлең айту, күй тарту, би билеу – бұл бірінші, екінші рет таба алмағандар үшін жаза, кейде дүре де соғады. Бұл адамды сезімталдыққа, тапқырлыққа тәрбиелейтін ойын.

Қағазы, әріп-сиясы. А4 көлемдегі қағазға көк сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1991 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары. Сол кездегі Қарқаралы ауданы Бесоба совхозында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке қарасөз үлгісімен орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.1086 (А).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

Соқыр теке

Аталуы. Соқыр теке.

Жинаушысы. Жұмабекова Б., Әбілдина М. – Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенттері (1991 жыл).

Аннотациясы. Ойынның тәртібінде аздаған айырмашылық бар. Ойынның бұл нұсқасы ойыншыларға «айып» төлету арқылы оларды өнерге баулиды. Сондай-ақ, «соқыр теке» ойынын ойнау барысында балалар көпшіл болуға, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиеленеді.

Басқы сөзі (5-б.): Тапқырлыққа, аңғарымпаздыққа, ептілікке тәрбиелейтін халық ойыны. Бұл ойында балалар мен жастар ойнайды.

Соңғы сөзі (6-б.): Ойынға қатысушылар ойын басталғанша өз жолдастарының, құобы-құрдастарының ерекше белгілерін, киімнің өзгешелігін есінде сақтап қалуға тырысады. Бұл кейінірек. «Соқыр теке» бола қалса, өзі ұстаған адамды дәл танып, дұрыс табуы үшін керек болады.

Қағазы, әріп-сиясы. А4 көлемдегі қағазға көк сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1991 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары. Сол кездегі Қарқаралы ауданы Бесоба совхозында жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке қарасөз үлгісімен орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Қ.1086 (А).

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

Соқыр теке

Аталуы. Соқыр теке.

Айтушысы. Ержанұлы Ә. – Қарағанды облысының тұрғыны. Басқа мәліметтер кездеспеді.

Жинаушысы. Жұмабекова Б., Әбділдина М. – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенттері (1990 жыл).

Аннотациясы. Соқыр теке – ертеден келе жатқан, кең таралған қазақтың ұлттық ойындарының бірі. Оны көбінесе жаздыгүні кешқұрым немесе шайдай ашық, сүттей жарық айлы түнде, ашық аспан астында ойнайды. Мәтінде ойынның тәртібі туралы баяндалады.

Басқы сөзі (9-б.): Тапқырлыққа, аңғарымпаздыққа, етпілікке тәрбиелейтін халық ойыны.

Соңғы сөзі (10-б.): Бұл кейінірек «Соқыр теке» бола қалса, өзі ұстаған адамды дәл танып, дұрыс табуы үшін керек болады.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1990 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке қарасөз үлгісінде орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.924.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Ақсүйек

Аталуы. Ақсүйек.

Жинаушысы. Байменова Рахия Оразқызы – Қарағанды Мемлекеттік университетінің 2 курс студенті (1991 ж.).

Аннотациясы. Бұл ұлттық ойынды қыздар мен жігіттер жиналып, жаздың жарық түндерінде ойнайды. Ойынға малдың қураған жілігі таңдалатын болған. Ертеректе «ақсүйек» ойынын той-томалақ жасаған үй иелері ұйымдастырған. Ойын жылдамдыққа, ұйымшылдыққа баулиды.

Басқы сөзі (16-б.): Кешке, айлы түндерде ойналады. Ойнаушылар екі топқа бөлінеді де, межелі жерде (ағаштың, үлкен тастың, кішкене төбешіктің қасында) қатарласып тұрады.

Соңғы сөзі (16-б.): Айыпкер ән, не болмаса би билеп береді.

Қағазы, әріп-сиясы. Көк сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1990-1991 жылдары Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенттерінің халық ауыз әдебиетінен жинаған материалдары.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке қарасөз үлгісімен орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Қ. 1156, 3-дәп.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 72: Балалар фольклоры / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Мурсалимова Н. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – Б. 360.

ҮЙЛЕНУ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫ

34

Ш.920/83 (ӘӨИ)

Б.2; П.2; Ж. 21

17,5x28; 14x10

Сыңсу

Аталуы. Сыңсу.

Айтушысы. Әбдімүмінова Жұман. Руы – Аспан. Мәтінді орындаған кезде 74 жаста болған (1988 ж.)

Жазып алған. Абдуллаева Дариха.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Бұл сыңсуда ұзатылғалы тұрған қыз өзі арқалап өсірген інісімен, ағасымен қоштасып, жеңгесін оған табыстап, өзінің ұзаққа кетіп бара жатқанын айтады. Бауырларымен кош айтысқан қыз өзі еркелеп өскен ел-жұртымен де қоштасады. «Қарасам көзім талады-ау» деп сағынатынын да білдіреді. Сыңсудың соңғы шумағында ел-жұртынан ұзап кеткен соң, есейіп, санасы толысарын да айтады.

Басқы сөзі (105-б.):

Қарағай шаптым жан қалап,
Өсірдім інім арқалап.

Соңғы сөзі (106-б.):

Ел-жұртым сенен айырылып,
Сәнамен жүзім солар-ау.

Қолтаңбасы. Сапарқызы Гүлзира – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтының студенті (1993 жыл).

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған

Қашан, қайда жазылған. 1988 жылы Әмудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиеті мен этнографиялық мұрасын жинау экспедициясы кезінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптелген.

Қосымша белгілері. Жоқ.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.920/83.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

35

Ш.920/83 (ӘӨИ)

Б.2; П. 3; Ж. 51

17,5x28; 15x28

Сыңсу

Аталуы. Сыңсу.

Жинаушысы. Д.Абдуллаева, Қ.Саттаров.

Тапсырушысы: Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Мәтінде қыз өзін ата-анасы малға сатып, қаламаған жерге ұзатылып бара жатқанын айтады. Сыңсу мазмұны қыздың басында теңдік жоқ екенін анық аңғартып тұр. Ұзатылғалы тұрған ащы зары, өкпесі, назы да айқын аңғарылады. Қыз барған жұртында ел айтатындай ата-енесінің өз әке-шешесіндей бола алмайтынын да жеткізген. Өзі қаламаған жігітке ұзатылып бара жатқанына апасының қатысы бар екенін де қоса айтқан. Тағдырына деген бар өкпе-ренішін жайып салған қыз сыңсу соңында туып өскен топырағымен, өскен жұртымен, бауырларымен қимай қош айтысады.

Басқы сөзі (108-б.):

Наны тәтті Ташкенттің, жолы қатты,
Жанға салып айдайды арық атты.

Соңғы сөзі (110-б.):

Артымда жалғас өскен екі бауырым-ай,
Көзімнің ағы менен қарасындай.

Қолтаңбасы. Сапарқызы Гүлзира – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтының студенті (1993 жыл).

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде жазылған

Қашан, қайда жазылған. 1988 жылы Әмудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиеті мен этнографиялық мұрасын жинау экспедициясы кезінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қосымша белгілері. Жоқ.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.920/83.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

36

Ш.920/83 (ӘӨИ)

Б.4; П. 4; Ж. 57

17,5x28; 15x28

Сыңсу

Аталуы. Сыңсу.

Жинаушысы. Д.Абдуллаева, Қ.Саттаров.

Қашан, қайда жазылғаны., Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарай ауданы, Қызыл жұлдыз колхозында 1947 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ. 1079, 2-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Қыздың ата-анасына өкпесі

Аталуы. Қыздың ата-анасына өкпесі.

Айтушысы. Шығыс Түркістаннан келген қазақтардың айтуы бойынша жазып алған.

Жинаушысы. Саттаров Қ., Сүлейменқызы Д.

Аннотациясы. Мәтін қысқа-қысқа 6 бөлімнен тұрады. Олар «Қыздың ата-анасына өкпесі», «Туған жерімен қоштасу», «Қыздың жеңгесімен қоштасуы», «Елімен қоштасу», «Қоштасу», «Қызға айтқан анасының сөзі». Көркемдігі жоғары, мағынасы терең сыңсулардың бірі.

Басқы сөзі (15-б.):

Шымылдықты көтерші, көрсін көкем,
Көздің жасын көл кылып төксін көкем.

Соңғы сөзі (18-б.):

Ренжи көрме, перзентім,
Бұл да сенің қызығың.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін қойын дәптерге көк сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. 1996 жылы «Түркістан фольклор экспедициясы» кезінде Түркістан қаласында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қосымша белгілері. Жоқ.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.920/108.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Қыздың ұзатқандағы қайғы зары

Аталуы. Қыздың ұзатқандағы қайғы зары.

Жинаушысы. Марғұлан Ә. Ол туралы мәлімет 73-сипаттамада берілген.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Айтушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Ел-жұрт, туған-туыс, әке-шешеден жырақтап ұзатылып бара жатқан қыздың кимастық көңілмен айтылған зарлы өлеңі.

Басқы сөзі (4-б.):

اق كويله گم به لده مشه ،
ويناؤشى هدم ولگه نشه .

Соңғы сөзі (4-б.):

كىلىتم ده ته رس ايلاندى ،
كه تۆگه باسّم بايلاندى .

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1938 жылы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.1097, 9-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Қыз ұзатудың сарыны

Аталуы. Қыз ұзатудың сарыны.

Айтушысы. Тұғылбаев З. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Белгісіз.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Өз үйінен аттанып, жатқа кетіп бара жатқан қыздың қыз ғұмырға деген наразылығын, қыз бағасының малмен өлшенген әділетсіздікті айтып зарланған көңіл-күйі айтылады.

Басқы сөзі (9-б.):

ساربننىڭ باسى بيسسىمىللا ، بىكە ،
بيسسىمىللا كەلەر مىڭ جىلدا ، بىكە .

Соңғы сөзі (12-б.):

قىزدىڭ ۋېر قۇنى بەس بايتال ، بىكە - ۋ ،
ەسىڭدە بولسىن تەگىندە ، بىكە - ۋ .

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы, Шығыс Қазақстан экспедициясы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.1091,12-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Ұзатқан қыздың өлеңі

Аталуы. Ұзатқан қыздың өлеңі.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Кәрібаев Шайхы – ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Ел арасынан жинаған қолжазбаларды М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына өткізген.

Аннотациясы. Айтушы үйлену ғұрпы өлеңдеріне жататын сынсу, жар-жар, беташарды қысқаша жырлаған. Арасында қыздың анасы мен жеңгесінің қоштасу жырлары да бар.

Басқы сөзі (15-б.):

Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар,
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар.

Соңғы сөзі (26-б.):

Некесізден хан туып,
Қайран қазақ тозғаны.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Блокнотқа көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. 1981 жылы қорға тапсырылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Қ.879/8, 163-дәп.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Қыз жыры

Аталуы. Қыз жыры.

Айтушысы. Жұмағұлқызы Діләпараз – бұрынғы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы Н.Әбдіров атындағы ауылдың тұрғыны. Өзінің айтуы бойынша 1905 жылы Сәлембет деген жерде дүниеге келген.

Жинаушысы. Қасымова Ә. – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенті (1990 жыл).

Тапсырушы. Рахымов Берік. Ол туралы мәлімет 6-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Ұзатылып бара жатқан қыздың үй-ішімен, ел-жұртымен кошқанда айтқан сынсуы. Құрбыларына, малға сатқан ағасына да жыр арқылы өкпесін, назын айтады.

Басқы сөзі (5-б.):

Жылқы ішінде керім-ай,
Маңдайдан аққан терім-ай.

Соңғы сөзі (5-б.):

Ағалаған қу күнім,
Малға да саттың бағалап.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1990 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Қ.964.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Сарын

Аталуы. Сарын.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Белгісіз.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Ер мен әйел кезектесіп айтқан бұл сарында қосыла алмаған екі жастың бір-біріне деген кимастық зары, ішкі жүрек толғаныстары айтылады.

Басқы сөзі (1-б.):

Сарынның басы сары еді, бике-еу,
Аяқты малдың зар еді, бике-еу.

Соңғы сөзі (1-б.):

Айрылмастай ант ішкен, қайран елім,
Енді айрылып барамын зопа зарға.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Сары түсті қағазға қарындашен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК:Қ.1091, 3-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Сарын

Аталуы. Сарын.

Айтушысы. Саржомартов К. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Белгісіз.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Сарында жігіттің қызға деген ынтық көңілі, махаббаты әдемі өлең сөздерімен беріліп, қыз баласын әдемі теңеулермен сипаттап, қол жетпес биіктей көрсетіп, ішкі жан дүниесіндегі жүрек тебіренісі, көңіл күйзелісі, қимастық сезімі жеткізілген. Өлең 11 буынды қараөлең ұйқасымен жазылған.

Басқы сөзі (1-б.):

Сарынның басы бісміллә, үкеу,
Бісміллә келер мың жылда, үкеу.

Соңғы сөзі (2-б.):

Суының мөлдіріне таңқалғандай,
Ішіне ит түссе де арам емес.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы, Шығыс Қазақстан экспедициясы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папқасы. ОҒК: Қ.1091, 6-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Сарын (жар-жар)

Аталуы. Сарын (жар-жар).

Айтушысы. Қазыбайұлы Қ. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Жақыпбайұлы Б. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Ұзатылған тұрған қарындасына айтқан ағасының қи-мастық өлеңі. Кішкентайдан бірге өскен қарындасына деген сағынышы, ішкі азапты көңіл-күйі өлең сөзімен жеткізіледі.

Басқы сөзі (1-б.):

سارننىڭ باسى بيسمىللا، بىكە ،
بىسمىللا كەلەر مىڭ جىلدا، بىكە .

Соңғы сөзі (2-б.):

سارننىشل اعانك سارنادى،
ورامال شارشى جول عانا.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. 1947 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарай ауданында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папқасы. ОҒК: Қ.1091,19-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Сарын (жар-жар)

Аталуы. Сарын (жар-жар).

Айтушысы. Қ. Қазыбайұлы.

Жинаушысы. Б. Жақыпбайұлы.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Мәтінде босағадан енгелі тұрған жас келіннің ел-жұрт, ағайын-туыстың алдындағы міндеті, көрсетер құрметі, әдеп-ибасы, іс-әрекеті барлығы тізбектеліп келеді де, осы әулеттің үлкендеріне, ағайын-туысқа сәлем салдырып, соңында келіннің бетін ашып қауымға көрсетуі айтылады.

Басқы сөзі (3-б.):

بيسسميللا ساربن ايتاين ،
ايتاين دا قايتاين .

Соңғы сөзі (9-б.):

قويغانم مه نكڭ ، منه كي ،
وترعز ، سارا ، كيگزنسن .

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарай ауданында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папқасы. ОҒК: Ш.1091, 19-дәптер.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Қоштасу

Аталуы. Қоштасу.

Айтушысы. Нұрмағанбетов Баймолда – бұрынғы Торғай облысы, Арқалық ауданы, Қайыңды аулының тұрғыны. 1907 жылы туған. Ескіше ауыл молдасынан сауат ашқан. Еңбек, соғыс ардагері.

Жинаушысы. Шәкірова Қ. – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенті (1990 жыл).

Тапсырушы. Рахымов Б. Ол туралы мәлімет 6-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Шығармада ұлдың орнына ұл, қыздың орнына қыз болып өскен бойжеткеннің ұзатылып бара жатқанда айтқан сыңсуы. Бір үйдің жалғыз қызы «басқа елге барғанда жағдайым қалай болар екен» деп уайымдайды. Мәтіннен ерке қыздың теңіне риза еместігін аңғарамыз.

Басқы сөзі (31-б.):

Қамысқа сылдырлаған сырғам түсті,
Жадыма сырласпаған апам түсті.

Соңғы сөзі (32-б.):

Риза болар ем,
Теңіммен бір күлсем.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1990 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.925

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Қоштасу

Аталуы. Қоштасу.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Тілеужанов М. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада берілді..

Аннотациясы. Ұзатылғалы тұрған қыз қоштасу өлеңінде жеңешесімен, апасымен, бауырымен, әкесімен, шешелерімен қоштасады. Әрбірімен қарым-қатынасын айтып, сөзін арнайды. Жағ жұртқа барғанда тез сіңіп кете алмайтын қыз тағдыры жайында айтады. Бауырларына артынан іздеп барып тұруын сұрайды. Ағасының өзін ешкімге бермеймін деп, ұзатып жатқанына назын да білдіреді.

Басқы сөзі (289-б.):

Ақ өрмек жолын құрайын,
Еркелеп кімге тұрайын.

Соңғы сөзі (291-б.):

«Шеше-шеше» деуші едім,
Есен-аман бол, шешелер!

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Түптелген.

Қашан, қайда жазылған. Батыс Қазақстан облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Ш.910/1.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Қоштасу

Аталуы. Қоштасу.

Айтушысы. Құлшанова Жамал – бұрынғы Қостанай облысы Семиозерск ауданының тұрғыны. 1892 жылы туған. Басқа мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Бекхожина Талиға. Ол туралы мәлімет 50-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Ұзатылып бара жатқан қыздың қоштасуы. Шағын ғана мәтінде бойжеткен анасы мен бауырларымен қоштасады.

Басқы сөзі (12-б.):

Айналайын анамыз,
Кетіп бір барады балаңыз.

Соңғы сөзі (12-б.):

Келіп бір кетіп жүр бауырым,
Дос-дұшпаным табалар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Кирилл әрпінде жазылған. Машинкаға терілген.

Қашан, қайда жазылған. 1965 жылы Қостанай-Орынбор экспедициясы кезінде 12 тамызда жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба желімденген, қағаздары ескірген.

Қосымша белгілері Жок.

Папкасы ӘӨИ: Ш. 625.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Қоштасу

Аталуы. Қоштасу.

Айтушысы. Бөлекенова Зәкира – бұрынғы Қостанай облысы Комсомольск ауылының тұрғыны. Басқа мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Бекхожина Талиға. Ол туралы мәлімет 50-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Мәтіннің басқа сыңсу мен қоштасулардан ерекшелігі қыз ең бірінші сүйікті жеңгесімен, сосын әке-шешесімен қоштасады. Қыз ғұмырының қысқа болғанын айтып налиды.

Басқы сөзі (17-б.):

Шашыма таққан шаш теңге,
Тетелес өскен жас жеңге.

Соңғы сөзі (18-б.):

Қарағым, шырағам деуші едің,
Қош-есен бол, шешелер.

Қағазы, сиясы, әрпі. Кирилл әрпінде жазылған. Машинкаға терілген.

Қашан, қайда жазылған. 1965 жылы Қостанай-Орынбор экспедициясы кезінде 12 тамызда жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба желімденген, қағаздары ескірген.

Қосымша белгілері. Жоқ.

Папкасы. ӘӨИ: Ш. 625.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Қайнарбаев Әлқуат (1898-1979) – Қызылорда облысы, Қармақшы ауданынан. Ұзақ жылдар партия-совет орындарында қызмет істеген. Ол 1934 ж. бастап Қазақ ССР Ғылым академиясына көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін – Сыр бойынан шыққан Оңғар, Базар жырау, Ерімбет, Кете Жүсіп шығармаларын жинап тапсырған жинаушылардың бірі. Оның жазғандарының бірсыпырасы «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» және «XX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары» деген жинақтарда жарияланды. Сондай-ақ айтыс томдарында жинаған айтыстары енді.

Тапсырушысы. Қайнарбаев Ә. Ол туралы мәлімет 89-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Жаңа түскен келінді шаңырақпен таныстырып, болашақтағы келіндік қызметінің қалай болатынын егжей-тегжейлі айтып түсіндіріп, сол әулеттегі сыйлауға тиісті кісілердің бәрін айта отырып, сәлем салдырып, жас келіннің бетін батамен ашады.

Басқы сөзі (1-б.):

ке лін, ке лін, ке ліншек,
олге нде р айып қилмасн.

Соңғы сөзі (7-б.):

қадірмалар қалпیتی,
оларға да 6 бір сале м.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Ақ түсті оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1948 жылы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Ш.1092, 6-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Ахметов. Ол туралы басқа мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Ахметов.

Аннотациясы. Босаған жаңа аттаған келінді әулеттегі бұрынғы өткен аруақтармен, үлкен-кішімен түгел таныстырып, алдағы келіндік міндеттің атқарылу жағдайын айтып түсіндіріп, сол шаңырақтағы сыйлауға тиісті үлкендерді атай отырып, сәлем салдырып, бата беріп жас келіннің бетін ашады.

Басқы сөзі (1-б.):

Төрде отырған сыпыра,
Қарт қария аналар.

Соңғы сөзі (17-б.):

Ықыласыңмен бата бер,
Қолымызды жаяйық.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Ақ түсті кеңсе қағазына кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1948 жылы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.1092, 7-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Мәзқожаев Рахмет (1881-1976) – ақын, жыршы. Он алты жасынан домбыра тартып, өлең, жыр айтқан. Облыста концерт-эстрада бюросында Нартай Бекежанов басқарған бригаданың белсенді мүшесі болып, ел арасында өз өнерін көрсетті. Соғыс жылдарында қызыл отауды басқарды. Соғыстан кейінгі жылдарда облыстық, республикалық айтыстарда Есдәулет Қандековпен, Әбділда Жүргенбаевпен, Өкіл Жайлауовпен өнер жарысына түсті. Ауыз әдебиеті нұсқаларын да жинауға үлес қосты. Бірнеше жыр-дастандар, терме-толғаулар жырлап, насихаттап отырды. ОҒК және ӘӨИ қолжазба қорына 60 мың жолдан аса дастан, өлең-жырлар тапсырды. «Қойдың арызы», «Қызыл сиырдың арызы», «Малдарды шақыру», «Сырдария соғысы» деген өлеңдері «Пернедегі термелер» (1965), Өкім Жайлауовпен айтысы «Айтыс» (3-т., 1966) жинақтарында жарияланды. Бүкіл түркі халқына кең тараған «Көрұғлы» дастаны Мәзқожаевтың варианты бойынша қазақ тілінде жеке кітап (1973) болып шықты.

Жинаушысы. Бекбергенов М. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Өлеңде босаға аттағалы тұрған жас келінге біра насихат айтып, түрлі тәрбие айтып, келіндік қызметтің жәп-жапсарын түсіндіре келіп, жалпы әулетпен таныстырған соң, сол әулеттің адамдарына үлкенінен кішісіне қарай ретімен сәлем салдырып, қашан да, қандай жағдайда да үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету деген өнегені айтады. Соңында ақ келіннің бетін ашып, жиылған көпшілікке көрсету барысы айтылады.

Басқы сөзі (1-б.):

Айт айт, келін,
Атыңның басын тарт, келін.

Соңғы сөзі (6-б.):

Жүгіріп шауып қуанған,
Балаларға бір сәлем.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына қарындашпен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1946 жылы, Қызылорда экспедициясы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Ш.1091, 1-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

92

Ш.1091 (ОҒК)

Б.4; П.2; Ж.80

22x15; 19x9

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Бадыров К. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Халық аузынан жазылып алынған бұл мәтінде жас келіннің болашақтағы өмірінде үлкендер алдындағы құрметі мен кіші алдындағы ізеті, жүріс-тұрысы, ата-енеге қылар қызметі тізбектеп келеді де, соңында ақын жігіт өзіне бір сәлем салдырып, жиылған көпшілікке келінді көрсетуі айтылады.

Басқы сөзі (1-б.):

Bazardan alǵan aq jaýlyq,
Shetinen aldyq bir baýlyq.

Соңғы сөзі (4-б.):

Shet qalam ba sálemnen,
Ber ózime bir sálem.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1940 жылы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.1091, 2-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Сүлейменов И. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Нұрмұханбетов Қ. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Өлеңде жас келіннің босаға аттағаннан кейінгі үлкендер алдындағы іс-әрекеті мен кіші алдындағы ізеті түсіндіріледі, сол әулеттің ұрпағын көбейтіп, адал қызмет жасап, отымен кіріп, күлімен шығатын, тастай батып, судай сіңетін келіндік өмірдің мәнін, әдеп-ибасын, ата-енеге қылар қызметін, бәрін тізбектеп келеді де, жиылған көпке сәлем салғызып, жас келіннің бетін ашады.

Басқы сөзі (1-б.):

Ал, айтайын бисмилла,
Бисмилла келер мың жылда.

Соңғы сөзі (3-б.):

Ішімдегі сырымды,
Айтқызбай қалай білдіңдер.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына көк сиялы қаламмен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы, Шығыс Қазақстан экспедициясы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.1091, 7-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Темірғалиев Е. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Биқанов Н. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Жас келіннің әулет алдындағы міндеті, көрсетер құрметі, әдеп-ибасы, іс-әрекеті барлығы тізбектеліп келеді де, әулеттің үлкендеріне, ағайын-туысқа сәлем салдырып, соңында келіннің бетін ашып қауымға көрсетуі айтылады.

Басқы сөзі (1-б.):

Aıt kelin, aıt kelin,
Attyń basyn tart kelin.

Соңғы сөзі (7-б.):

Úı dep kelin aıtqyzbaı,
Jaqyn otyr shenine.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен латын әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1940 жылғы Батыс Қазақстан экспедициясы кезінде жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.1091, 8-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Белгісіз.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Бисмилла деп сөз бастаған ақын жігіт жас келінді көпшілік алдына шақырып, келінге тән әдеп-ибаны айтып түсіндіріп, сол шаңырақтың ақсақал, азаматтарына, абысын-ажынға сәлемін салдырып, әулетпен таныстырып, келіннің бетін ашып береді.

Басқы сөзі (5-б.):

Бисмилла сөздің басы еді,
Жігіттің жиырма жасы еді.

Соңғы сөзі (12-б.):

Ана отырған бикешке,
Иліп сәлем беріңіз.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен терілген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.1091, 9-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Белгісіз.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. «Айт келін» деп өлең бастаған ақын жігіт жиналған көпке жас келінге өнеге, ақылын айта келіп, сол әулеттің үлкендеріне кезегімен сәлем салдырып, келіннің атқаруға тиісті міндеттерін айта келіп, қауым алдында бетін ашып берген сәті сөз болады.

Басқы сөзі (17-б.):

Айт, айт келін, айт келін,
Атыңның басын тарт, келін.

Соңғы сөзі (28-б.):

Келіншек болып түскен соң,
Күн көрсетпес төбелеп.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен терілген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ОҒК:Қ.1091, 9-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Батырқанов Б. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Мырзақмет Н. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Беташар өлеңде жаңа түскен келіннің келіндік әде-
бін айтып, жиналған көпшілік алдында жас келінге сол әулеттегі өзінен
үлкендерге сәлем салдырып, көпшілікпен таныстырып, бетін ашып беруі
айтылады.

Басқы сөзі (8-б.):

اۋەلى بەت اشامنى بيسسىمىللادان ،
بىلمەيدى بيسسىمىللانى كەيبىر نادان .

Соңғы сөзі (15-б.):

تۇسن ايتىپ اتاساڭ ،
قۇانادى جەڭگە لەر .

Қолтаңбасы. Жинаушынікі

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына қарындашпен араб әрпінде
жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папқасы. ОҒК: Қ.1091,10-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Тұғұлбаев З. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Белгісіз.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Бет ашатын ақын жігіттің әзілге құрылған өлең шумақтарында жес келіннің көңілін жықпай, керісінше шаттандыру мақсатында қызықты етіп айтқан беташарында келіннің болашақтағы өтейтін міндеттері мен әдебін түсіндіріп, әулет адамдарына сәлем салғызып, көпшілікпен таныстыруы айтылады.

Басқы сөзі (2-б.):

اسپایم دا ساسپایم ،
به تہ شاردان قاشپایم .

Соңғы сөзі (7-б.):

قالجىڭ ۋ بىر قىلىپ ايتقانم ،
ويىن ۋ سوزدىڭ نەسى بار .

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы, Шығыс Қазақстан экспедициясы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК:Қ.1091,12-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташардың батасы

Аталуы. Беташардың батасы.

Айтушысы. Тұғұлбаев З. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Белгісіз.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Жас келіннің бетін ашып, елге, жұртқа көрсеткен соң, ауыл ақсақалдарының бірі келінге ақ батасын беріп, ізг ниетін білдіреді.

Басқы сөзі (8-б.):

بوز بوز ننگەن بوزداسن - اي ،
بۇيداسن قاتتى تارتىپ سوزباسن - اي .

Соңғы сөзі (9-б.):

مۇساتاجان بەرگەن باتام قابىل بولپ ،
كەلنىڭ ون ۇل ، ۋ بىر قىز بالا تاپسىن .

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы, Шығыс Қазақстан экспедициясы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.1091,12-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Құлтөлеулы Т. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Аннотациясы. Шаңыраққа жаңа енген жас келіннің бұдан былайғы өмірінің қыз күніндей болмайтындығын, бұлаңдаған күндердің артта қалып, жаңа өмірге қадам басқалы тұрғанын айта келіп, келіндік қызметтің жай-жапсарымен әдемі өлеңмен жеткізеді. Барлық жиналған қауымға сәлем салдырып, бетін ашып береді.

Басқы сөзі (1-б.):

اشاين، كەلن، بە تىڭدى،
اشۇعا جۇرەك شە شىلدى.

Соңғы сөзі (7-б.):

الەۋمەت، ۋەننم بولسا ايت كوزمە - اي،
ەرىنبەي ۋەرى سالەم ەت ەندى وزمە - اي.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі

Қағазы, әрпі, сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.1091,13-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Құлсариев Ертай (1886-1958) – жыршы, халықтың сөз мұрасын жинаушы. Алматы облысының Іле ауданына қарасты Әлі аулында туып-өскен. 1940 жылы Қазақстан Жазушылар Одағына мүше болып қабылданған. Өлеңдері түрлі жинақ, газет, журналдарда жарияланған. Ол «Қисса Жәмшид», «Мың бір түн», «Кұлпан балуан», т.б. дастандар мен «Арқалық батыр», «Олжабай батыр» сияқты халықтың тарихи жырларын өзінше жырлап, ел арасына таратты. Сондай-ақ, ақынның Жетісу өңірінің фольклор үлгілері мен ақындарының шығармаларын жинаудағы еңбегі ерекше.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Ертеден жалғасып келе жатқан үрдісті сақтай отырып, жас келінге әдеп қағидаларын, күнделікті тәртіпті үйрете келіп, шаңырақты, оның үлкендерін сыйлау міндетін, қызмет көрсету ретін айта келіп, беташарға жиналған көпшілікке сәлем салғызып, бетін ашады.

Басқы сөзі (1-б.):

ке лін, ке лін келіп тұр,
ке ліп ұйге Һніп тұр.

Соңғы сөзі (16-б.):

Һом Һермесе Һонбеген,
Һетпелдаققا Һер Салем.

Қолтанбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Оқушы дәптеріне қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1938 жылы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.1091,14-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Қолжазбада Жақыпбердіұлы деп жазылған. Басқа мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Жас келіннің келін болудағы атқаруға тиісті міндеттер мен сақтауға тиісті әдепті, үлкен мен кішінің алдындағы жүріс-тұрысты егжей-тегжейлі айта келіп, сол әулеттің ағайын-туыс, бауырын таныстырып, сәлем салдырып, бетін ашып, жиналған ағайынға жас келінді көрсетеді.

Басқы сөзі (5-б.):

اسسالوٰمعالايكؤم، تورده وترعان اعالار،
اقساقالدى بابالار.

Соңғы сөзі (6-б.):

الاقولا دهمه گنز،
اتن اتاپ قويگنز.

Қолтанбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына көк сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1937 жылы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Қ.1091,16-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Түпнұсқада Жақыпбердіұлы (Жақсыбекұлы деп те оқуға болады) деп жазылған. Бірақ жинаушы туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Өлеңде ортаға шыққан ақын жігіттің жаңа түскен келінге жиналған көптің ортасында ақыл-насихатын айта отырып, шаңырақтың үлкендерінің алдындағы әдеп-ибасын, жүріс-тұрысын түсіндіре келіп, жиналған көпшілікке сәлем салдырып, соңында қауым алдына бетін ашып береді.

Басқы сөзі (5-б.):

بەت اشايىن بىسسەمىللا،
احۋالگۇدى ايت، كەلەن.

Соңғы сөзі (6-б.):

قوش ۋاقت بولعالى،
تورده وترعان ۇلكەندەرگە ءبىر سالەم.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына көк сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1937 жылы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Ш.1091,16-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Сыздықұлы Ақылтай.

Жинаушысы. Диваев Ө. Ол туралы мәлімет 13-сипаттамада берілді.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Жаңа түскен жас келінге өнегелі тәрбие айта отырып, осы әулеттегі ертеңгі өмірі, тыныс-тіршілігі, атқарар қызметі, үлкенді сыйлау мен кішіні аялаудағы әдеп-ибаны, тәртіпті түсіндіріп береді.

Басқы сөзі (1-б.):

ایت کهلن-اؤ، ایت کهلن،
اقتنڭ باسن تارت کهلن.

Соңғы сөзі (1-б.):

تاماعنڭ جامان، جاؤلق کر،
برجنگداي بهرمه که مسه نپ.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына көк сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1927 жылы Тәшкен қаласында жазылған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Ш.1091,17-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Сейітов Қабдеш. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Омаров Әнуар. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Аннотациясы. Бұл беташарды орындаушы әуелі жұрттың назарын өзіне аударып, шулаған топты тыныштандырып, сөзін бастайды. Сол жұрттың билерін сабырға шақырып, келіннің бетін ашатынын айтады. Келіннің қасиеттері мен оның сыртқы келбетінің сипатын айтып, кейін қалың жұрттан бастап сәлем салдырады. Бұдан кейінгі ретте атасына, енесіне, қайынағасы, абысын-ажынынан, қайынінілері мен қайынсіңділеріне рет-ретімен сәлем салдырады. Олардың әрбірінің ерекшелігін сипаттап өтеді. Келіннің түскен жұрты «жетіру» екенін арнайы атайды. Жыр соңында тағы да келіннің сыртқы келбетін сөзбен суреттеп, ендігі өмірінің өзгеше болатынын айтады.

Басқы сөзі (4-б.):

Шу, шу, шу билер,
Шуылдама, көп билер.

Соңғы сөзі (9-б.):

Бір күндей болмас осы күн,
Басыңнан тұр дәурен ауғалы-ай.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін тор көзді дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. 1957 жылы Батыс Қазақстан мен Гурьев экспедициясы кезінде жазылып алынған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.146, 2-дәп.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Беташар жырда бірінші келіннің қайынағаларының ерекше тұлғасын сипаттап, одан кейін абысындарымен қарым-қатынасына байланысты өсиетін айтып, бикештері мен қайынінілерінің де ерекшелігін жырға қосып, сәлем салғызады. Тек кейін ғана ел-жұртқа, үлкендерге сәлем бергізеді. Орындаушы ең соңында өзін де жырына қосып, өзіне сәлем салғызады. Ең соңында беті ашылғаннан кейін келінге бата береді.

Басқы сөзі (3-б.):

Тұлғасына қарасаң,
Асқарлы қара таулардай.

Соңғы сөзі (5-б.):

Қаумалаған көпшілік,
Жастарға бата беріндер!

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. 1997 жылы бұрынғы Шымкент облысы, Түркістан ауданындағы қазақтардың ауыз әдебиеті үлгілерін жинау экспедициясы кезінде жазып алынған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш. 920/117.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Төлепқалиев Молдасейіт. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Беташар жырды орындаушы бірінші сөзін келіннің атқаруы керек міндеттерінен бастайды. Сол міндеттерін дұрыс орындағанда атасының батасын алатынын білдіріп, қайын атасына сәлем салғызады. Бұдан кейін ене мен келін арасындағы байланысты айтып, қолы ұзарған ененің қандай күйде болатынын сипаттап, енесіне сәлем салғызады. Келесі кезекте қайын аға, қайын інілері, абысындары жайлы айтып, оларды әрдайым сыйлап тұруы керектігін жырына қосады. Жыр соңынан барша жұртқа сәлем салғызады. Беташар жыр шұбыртпалы ұйқаспен жазылған.

Басқы сөзі (8-б.):

Келін келді, есік аш,
Жамандарың кейін қаш.

Соңғы сөзі (14-б.):

Бұрынғыдай сыйым жоқ,
Бәріңізге бір сәлем!

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылған. Шығарма 1957 жылы бұрынғы Гурьев облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.146, 4-дөп.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Құлпыбаев Ерғожа – ақын, жырау. 1908 жылы Қарақалпақ АССР, Мойнақ ауданы, «Үшсай» ауылдық кеңесінде дүниеге келген. ӘӨИ-дің қолжазбалар қорындағы 480-бумада сақтаулы 2740 жолдан тұратын «Барақ батыр» атты жырдың қолжазбасын 1961-1962 жылғы экспедиция мүшелері – Балташ Ысқақов пен Талиға Бекқожина аталған жыраудың өз қолынан алған. Ерғожа жырау өз қолжазбасының алғысөзінде Барақ батыр әңгімесін ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында өлең өрнегіне түсірген Қумолда деген ақын екенін, бірақ ол жырды уақытында жазып алмай, кейін елдің көмегімен қалпына келтіруге тырысып, Ұлы Отан соғысының (1941-1945) алдында құрастырған жыры соғыс кезінде өз балаларының әркімдерге таратып беруіне байланысты жоғалып кеткендігін, ғалымдарға табыс еткен қолжазба өзінің екінші талпынысының нәтижесі екенін, өз ойынша өзі қалпына келтірген нұсқа Қумолда ақынның нұсқасымен сәйкес келетінін білдіреді.

Жинаушысы. Қ.Саттаров, Қ.Құлпыбаева.

Аннотациясы. Жырдың басында беташарды орындаушы жаңа түскен келінге бірінші өсиет айтады. Бұл беташар жырдың басқа беташар жырдан ерекшелігі сәлем салынатын жандардың есімдері аталған. Сондай-ақ сол жандарды сипаттауда орындаушы олардың жеке қасиеттерін қалжыңмен, әжуалап берген.

Басқы сөзі (110-б.):

Ал, ағайын, ағайын,
Бір кәдеге жарайын.

Соңғы сөзі (116-б.):

Сұңғат деген құрдасың,
Оған да берің бір сәлем!

Қолтаңбасы. Қ.Құлпыбаеванікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Қызылорда облысы Арал теңізінің жағасындағы Мойнақ ауылында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/32.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

109

Ш.920/135 (ӘӨИ)

Б.4; П. 4; Ж. 18
21,5x20; 20x15

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілді.

Аннотациясы. Беташар жырда бірінші келінге ақылын айтып, міндеттерін санамалап береді. Келінге тән жақсы қасиеттерді тізіп өтеді. Кейін ретімен қайын атасы, енесі, қайын ағасы, абысындары, құрдастары, қайын сіңлілеріне, қайныларына сәлем салғызады. Тек соңынан тұтас ел-жұртты атайды. Жыр соңында келін өз теңін тауып келгендігі туралы айтылады.

Басқы сөзі (3-б.):

Келіп тұрған келінге
Өлеңмен шашу шашайын.

Соңғы сөзі (7-б.):

Теңін тауып костым деп,
Қолаң шашты қызымды.

Қолтаңбасы. Г.Сеңгірбаеванікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жыр кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/135.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Мұсаұлы Әшірмат – 1939 жылы Ташкент ұлысы жоғары Шыршық ауданы Ащысай елдімекенінде дүниеге келген. Ақын. Өзбекстан Республикасы Ташкент облысы, Жоғарғы Шыршық ауданы, Ащысай ауылының тұрғыны (1983 жыл).

Жинаушысы. Сәрсенқызы Мұкаррам – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтының студенті (1983 жыл).

Аннотациясы. Бұл беташар жыр қысқа-нұсқа айтылған. Жаңа түскен келінге әдеп, әдет, салт-дәстүрдің сақталуы тиістігі айтылған. Тұрмыста кездесетін кейбір қиындықтардың да өткінші болатындығын жеткізіп, қосылған жары өзінің теңі екенін айтып, ел-жұртқа сәлем салғызады.

Басқы сөзі (201-б.):

Келін, келін, келіңіз,
Күтуде сізді еліміз.

Соңғы сөзі (202-б.):

Құрметіне жұртыңның,
Иіліп сәлем беріңіз!

Қолтаңбасы. Гүлзира Сегізбаеванікі. Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтының студенті.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына кара сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Ташкент облысы, Жоғарғы Шыршық ауданы, Ащысай ауылында жазылған. 1983 жыл.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Ш.920/75.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Бекқұлова Рахима – зейнеткер ұстаз. Мәтінді орындағанда 77 жаста (2002 жыл). Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының тұрғыны.

Жинаушысы. Наушабекова Б. – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтының студенті (2002 жыл).

Аннотациясы. Бұл беташар жырда бірінші келін келді деп сүйіншілеп, жаңа түскен келінге көрімдік сұрайды. Өзге беташар жырлар секілді келінге сәлем салдыратын арнайы жолдары жоқ.

Басқы сөзі (135-б.):

Келін, келін келіп тұр,
Келіп үйге еніп тұр.

Соңғы сөзі (136-б.):

Ақсақалдан құр қалсақ,
Оңай болмас кебіміз.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Беташар бұрынғы Шымкент облысы, Сарыағаш ауданында жазылып алынған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/135.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Өкпенев Ибрагим – ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы. Қарағанды қаласынан, туып-өскен жері – бұрынғы Ақмола облысындағы Қорғалжын ауданы. 1950 жылдарда Қарағанды облыстық филормониясында қызмет істеген.

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Беташар мәтінінің басында автор өзінің кездейсоқтан қолқалап бетін аш дегенге сөз таппай тұрғанын айтуынан оның суырыпсалма ақындығын, алдын-ала дайындықсыз, табанда жырды шығарғанын аңғаруға болады. Барлық өзге беташар өлеңдері секілді бұл өлеңде де келінге әуелі өсиет айтылып, кейін қайынатасына, енесіне, қайын аға, қайын іні, қайын апа, қайын сіңлі, абысын секілді туыс-туғанына сәлем салдырып, орындаушы ең соңында өзіне де сәлем салуын сұрайды.

Басқы сөзі (84-б.):

Беташар жұртым қалаған,
Айт десе, бойын балаған.

Соңғы сөзі (89-б.):

Әлеуметтер, дәметпе,
Мен сүртейін терімді-ай!

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Қорға 1959 жылы түскен.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.131, 2-дәп.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Қолжазбада «Мұны Мұқан 1924 жылы бір тойда айтыпты» делінген. Айтушы туралы ешқандай мәлімет берілмеген.

Жинаушысы. Тілеужанов М. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада берілді.

Аннотациясы. Беташар жырдың орындаушысы сөз басында өзінің қызыл тіліне бір сыйынады. Келіннің өзіне қатысты өсиет-ақылын айтып, жігіттің ата-анасынан бастап, бауырларына сәлем салғызады. Жыр басында айтқан өсиетін осы тұста тағы жалғастырып, ең соңында өзіне сәлем салғызады.

Басқы сөзі (259-б.):

Бісміллә сөз басы,
Ісімді Тәңір оңдасын.

Соңғы сөзі (264-б.):

Бетінді аштым, жас келін,
Маған бір сәлем етіңіз!

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Батыс Қазақстан облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.910/2.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Күнтуғанов Тұрғанбай – акын, айтыскер, ауыз әдебиеті үлгілерін жеткізуші. 1937 жылы Өзбекстан Республикасы Ташкент облысы, Шыназ ауданы, Куйбышев аулында дүниеге келген. Негізгі мамандығы механизатор, музыкалық училищеде оқыған. 1990 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданының тұрғыны (1990 жыл).

Жинаушысы. Аниса Қайназарова, Күзенбаева Жанар – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтының студенттері (1990 жыл).

Аннотациясы. Беташар мәтіні өте көлемді. Жыр шумақтарының ұйқастары да әртүрлі. Беташардың басында автор-орындаушы өзінің бұрын-соңды бет аспағандығын айтқанынан оның суырып салма шеберлігін тануға болады. Бұл беташар жырдың өзге жырлардан тағы бір ерекшелігі жиылған көпшілікпен сәлемдесіп алуында. Сәлемнен кейін келінге ақыл-өсиет айтылып, кейін келген жұртымен таныстырып, сәлем беру рәсімін жасайды. Таныстыру барысында әрбір жанның жеке адами немесе сыртқы келбетіне қатысты ерекшеліктері мен қасиеттерін өлеңмен әрлеп жеткізеді. Ең соңына келіннің бетін ашып, тілегін айтады. Отқа май құю дәстүрін де өлеңіне қоса кетеді.

Басқы сөзі (73-б.):

Келінге жұрттың көрдім ынтызарын,
Бұл елдің қазақ деген ұлты барын.

Соңғы сөзі (83-б.):

Отқа майды сал дағы,
Үйге кіріп кетіңіз.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылған. 1981 жылы Қазығұрт фольклор экспедициясы кезінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/53.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

115

Ш.910/5 (ӘӨИ)

Б.4; П. 4; Ж. 119

21,5x20; 20x15

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Тілеужанов М. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада берілді.

Аннотациясы. Беташар мәтіні «Бісмiлләдан» басталады. Келiннiң бетiн ашушы бiрiншi бұрынғыдан келе жатқан келiндерге айтылған өсиеттердi өз сөзiмен, өлеңiне қосып айтып бередi. Әрi қарай отбасы мүшелерiмен таныстырып, сәлем салғызады. Автор ең соңында өзiне де сәлем салғызады.

Басқы сөзi (194-б.):

Ашайын «бiсмiллә» деп келiн бетiн,

Айтайын бұрынғының өсиетiн.

Соңғы сөзi (197-б.):

Бейнет менiкi,

Ендi өзiме бiр сәлем!

Қолтаңбасы. Машинкамен тарiлген.

Қағазы, сиясы, әрпi. Мәтiн кеңсе қағазына машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Белгiсiз.

Мәтiннiң орналасуы. Әр бетке бiр қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.910/5.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Қолжазбада М.Будайлы деп көрсеткен. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Аннотациясы. Беташар мәтіні қайнағасына сәлем беруімен басталады. Яғни, мәтіннің бастапқы шумақтары жоқ. Беташар әулет мүшелерін мақтау-мадақтаумен таныстырып, жеке-жеке сәлем салдырады.

Басқы сөзі (17-б.):

تورده وتبرعان قايناعاڭ،
هكى مۇرنى جەبه دەي.

Соңғы сөзі (18-б.):

نار تۇلعالى ناعاشى،
هلتىرى توننىڭ جاعاسى،
ناعاشعاعا بىر سالەم.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Оқушы дәптеріне араб әрпінде көк сиямен жазылған.

Қашан, қайда жазылған. 1985 жылы жазылған. 1964 жылы қорға түскен.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.506/1.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Тілеужанов М. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада берілді.

Аннотациясы. Беташардың басында орындаушы елден жас келінге көрімдік сұрайды. Қыздың әке-шешесі оны құдайдан жалбарынып сұрап алса да, салт бойынша, өмірдің жазуымен қызды осы жұртқа ұзатқанын айтады. Жас келіннің сипатын өлеңіне қосады. Әулет мүшелерімен таныстырып, сәлем салғызады.

Басқы сөзі (283-б.):

Осы отырған әлеумет,
Жиналып келдік бәріміз.

Соңғы сөзі (285-б.):

Осы отырған көпшілік,
Риза бол осыма-ай!

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына машинкамен басылған.

Қашан, қайда жазылған. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Ш.910/5.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Жақыпұлы Желеу (1909-1970) – Сыр бойының белгілі ақыны. Бұрынғы Шымкент облысы Созақ ауданында туып-өскен. Жас кезінен айтыстарға қатысып, ел көзіне түсіп, 1943 жылы «Халық ақыны» деген атаққа ие болған. Көптеген халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, 1987 жылы қорға тапсырған.

Аннотациясы. Беташар мәтіні өте көлемді. Айтушы барлық туған-туыс, құда-жегжатқа сәлем салғызады. Арасында өсиет, жақсы сөздермен қатар әзіл-қалжың да кездеседі. Сөз саптауына қарап, 1980-90 жылдары ел арасында айтылған беташар деуге болады.

Басқы сөзі (124-б.):

بيسسميلا ءسوزدى باستاين،
استقپاين، ساسپاين.

Соңғы сөзі (136-б.):

اسعيب وتره كي جاس،
قويگدار هندى تارايق.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке үш қатардан орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Ш.338.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жазып алған. Ғұмарова Мәлике (1918 – 1987) – фольклортанушы, текстолог ғалым, филология ғылымдарының кандидаты (1953). Бұрынғы Орал облысы, Орда ауданында туған. 1943-1987 жылдары Қазақ ССР ҒА-ның Тіл және әдебиет институтының Текстология, қолжазба бөлімінде жұмыс істеген. «Жамбыл шығармалары» жинағын, «Көрұғлы», «Қамбар» т.б. батырлық жырын құрастырған. «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасына» батырлық, ғашықтық жырларға сипаттама жазды. «Қамбар батыр», «Қыз Жібек» жырларының ғылыми басылымын дайындады. Халық ақындарының өлеңдері мен айтыстарын жинады. ОҒК және ӘӨИ Қолжазба қорларындағы сирек қолжазбаларды жүйелеген.

Жинаушысы. Тілеужанов М. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада берілді.

Аннотациясы. Беташар жырдың басында келіннің сұлулығын асырып, түрлі теңеулермен жеткізеді. Тек келіннің сұлулығын ғана жырлап қана қоймай, оған өсиет те айтылады. Беташардың негізгі мазмұнына сәйкес қайын атасынан бастап, қайын сіңлісіне дейі әрбірін атап, сәлем салғызады. Ең соңында бет ашушы өзіне де сәлем салдырып, иіліп сәлем салған келінге үйіне кіре беруін айтады.

Басқы сөзі (60-б.):

Ал айтайын асқандай,
Дария тулап тасқандай.

Соңғы сөзі (63-б.):

Сыйың болды осымен,
Тұр да орныңнан жүре бер!

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін машинкаға терілген.

Қашан, қайда жазылған. 1957 жылы Батыс Қазақстан облысының Теңіз ауданынан жазып алған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.910/2.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Базарбаев Әлмен – 1912 жылы Өзбекстан Республикасы Бұхара облысы, Тамды ауданында туған. «Қырымның қырық батыры» тобындағы дастандарды, Маңғыстау, Қызылқұм, Сыр өңірі ақындарының жырларын жаттап, орындаушы. Халық ақыны.

Жинаушысы. Қ.Саттаров, Т.Оңғарбаев.

Аннотациясы. Бұл беташар жыр өзге жырлар секілді шұбыртпалы ұйқаспен емес, қара өлең ұйқасымен жазылған. Төрт тармақты, көлемді беташар жыры. Жыр мазмұнында келінге жат жұртқа келгені, оның өзінің міндеттері бар екені өлеңге қосылып, тыйым да айтылады. Бұдан әрі туған-туысымен таныстырып, сәлем салдырады.

Басқы сөзі (148-б.):

Салт болған келін түссе бетін ашқан,
Ежелден елге мұра шашу шашқан.

Соңғы сөзі (152-б.):

Ең соңғы сәлемінді істеп жібер,
Жиналған халайыққа осы көпке!

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылған. 1974 жылы Тамды фольклор экспедициясы кезінде жазылып алынған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/35.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Тамды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Авторы. Жәңгірұлы Шәді (1855 – 1933) – ақын. Бұрынғы Сырдария губерниясына қарасты Қызылкөл мекені, Созақ ауданында туған. Төре әулетінен шыққан. Шәді сауатын ерте ашады. Шаян (1865 – 1867), Қарнақ (1868 – 1870), Бұхарадағы Көкелташ (1871 – 1876) медреселерінде оқып білім алған. Араб, парсы, түрік, шағатай тілдерін жетік білген. Шығыс классикалық әдебиетінің назиралық үлгісін жете меңгерген, гуманистік, ағартушылық бағытта дәстүрлі тақырыптарды жырлаған, мазмұн мен түрі жағынан, идеясы мен сюжеттік желісі тұрғысынан мүлдем жаңа, қолтума төл шығармалар жазған ақын.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Дүйсенбай Қолдасов – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтының студенті.

Аннотациясы. Беташар мәтіні ұзақ-ұзақ шумақтардан тұрады. Жырдың алғашқы шумағында келінге көрімдік беру керектігі туралы айтылса, келесі шумақтарында келінге өсиет айтылған. Әрбір шумағында ерін қалай сыйлау керектігі, үлкен мен кішіге қалай құрмет пен ізет көрсетуі керектігіне тоқталып, келіннің қандай болмақ керектігін тізіп шыққан.

Басқы сөзі (1-б.):

Төрде отырған сыпыра,
Жастары үлкен ағалар.

Соңғы сөзі (10-б.):

Перизат, сіздей балаға
Сөзімді ұқсаң үңіліп...

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылған. Қ.Сағтаров ұйымдастырған фольклорлық экспедиция кезінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/54.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Сейдулла Баймағанбетов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Анаргүл Құрбанова – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтының студенті.

Аннотациясы. Беташар мәтіні өте көлемді. Жыршы сөзін «Бісімләдан» бастайды. Әуелгі сөзін қалың жұртшылыққа арнап, көрімдік сұрайды. Бұдан кейінгі шумақтарда келінге насихатын айтады. Салт пен сана жайын айтып, азаматын, келген жұртын қалай сыйлап, қалай жағдайын жасау керек, тұрмысты қалай игеріп, неден тыйылуы керектігін де айтады. Келесі бір шумақтарында жігітке де сөзін арнап, ер-азаматтың міндеттерін де айта кетеді. Бұдан кейінгі шумақта тағы да келінге тоқталып, ақылын айтады. Келінге арналған сөздерінен кейін сәлем салдыру рәсімін бастайды. Қайынағаларының әрбірінің жеке қасиетін айтып, сыртқы келбеттерін сынап, әжуалап, сәлем салғызады. Қайынағаларынан бөлек көп ішінде отырған домком мен молданы да жырға қосып, оларға да сәлем салғызады. Ең соңында жыршы өзін де қоса кетеді.

Басқы сөзі (11-б.):

«Бісімлә» деген сөз басы,
Әрқашан да пенденің.

Соңғы сөзі (34-б.):

Құлақтың құрышы жоқ канатұғын,
Жыршыңыз осымен сөзін қойды.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылған. Қ.Саттаров ұйымдастырған фольклорлық экспедиция кезінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Ш.920/54 .

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Жантілеу Ахметов – беташарды орындаған кезде 62 жаста болған. Басқа мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Құрсанай Нұрымбетова – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтының студенті.

Аннотациясы. Жыр мазмұны шағын. Келінге келген жұртын таныстырып, сәлем салғызады. Жыр мазмұнынан қазақ халқындағы келіндер қайнысының атын атамайтын – ат тергеу салтының бар екендігі анық айтылады. Жыр соңында келінге тыйым да айтылған.

Басқы сөзі (45-б.):

Әуелі жалғыз Алла Сұбханым,
Болғанда ғаріптерге мехірбаным.

Соңғы сөзі (46-б.):

Бара қойсаң жұмысқа,
Көп кешігіп отырма.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылған. Қ.Саттаров ұйымдастырған фольклорлық экспедиция кезінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/54.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Ташенова Ажар – Низами атындағы Тәшкент мемлекеттік педагогика институтының студенті.

Аннотациясы. Бұл жырдың мазмұнына үңілсек, жаңа түскен келіннің бетін көпшілік алдында ашуға арналған жырдан гөрі өсиет-насихат жырға көбірек келеді. Қазақ келінінің қандай болуы керектігі ислам дінімен сабақтастырыла отырып айтылған. Ислам дініндегі әйел ерін піріндей сыйлауы керек деген қағиданы, сондай-ақ қыз баласына осы дінде қандай орын берілгені, Пайғамбардың көзқарасы, оның қызымен қатынасы тұрғысынан жырланған. Айтылған өсиет-насихаттан соң жыршы «Алғаныңмен қоса ағар» деп тілегін де білдірген. Жыр соңына дейін аяқталмаған.

Басқы сөзі (49-б.):

Келін боп келмек қиын іс
Жаңа өспірім балаға.

Соңғы сөзі (51-б.):

Самаурыны қайнаған,
Мейман десе жайнаған...

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылған. Қ.Сағтаров ұйымдастырған фольклорлық экспедиция кезінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Ш.920/54.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Түймегүл Жылқыбаева – Низами атындағы Тәшкент мемлекеттік педагогика институтының студенті.

Аннотациясы. Бұл жырдың көлемі қысқа. Келінге ақыл-өсиет айтылып, кейбір нәрселерге тыйым айтылып, тек соңында ғана енесі мен атасына сәлем салғызады.

Басқы сөзі (52-б.):

Келін, келін, келіңіз,
Келіп үйге еніңіз.

Соңғы сөзі (53-б.):

Елтірі тонның жағасы,
Атаңызға бір сәлем!

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылған. Қ.Саттаров ұйымдастырған фольклорлық экспедиция кезінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Ш.920/54.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Ажарбай. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Бұл беташар жырдың алғашқы шумағында қазақтың алыс жатқан елмен құдаласып, қыз алысып, қыз берісетіні, келін келгенде қалай қуанып, асыр салып той жасайтыны жайлы айтылады. Ал кейінгі шумақтары әулетке сыйлы жандар мен қайын атасы және енесіне сәлем салғызады.

Басқы сөзі (54-б.):

Жері алыс жерлерден
Шартарапта жайласқан.

Соңғы сөзі (57-б.):

Атаңыздың жолдасы –
Қайын енеңізге бір сәлем!

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылған. Мәтін 1976 жылы Қ.Саттаров ұйымдастырған фольклорлық экспедиция кезінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Ш.920/54.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Қостұрлиева Бестай – бұрынғы Гурьев облысы, Шевченко ауданы, Телман колхозының тұрғыны (1944 жыл).

Жазып алған. Қолжазбада Қошанов деп көрсетілген. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Тілеужанов М. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада берілді..

Аннотациясы. Беташарды орындаушы жыршы өзіне жүктелген міндетті орындауға – келіннің бетін ашатындығын айтып, сөзін бастап, жаңа түскен келінге тек өсиет-ақылын ғана айтып қоймай, ақ тілегін де жаударады. Қайын атасынан бастап, қайын сіндісіне дейін жеке-жеке атап, сәлем салғызады. Өулеттің әрбір мүшесін атағанда, оларды ерекше дүниелерге теңеуімен де бұл жыр басқа беташар жырларынан ерекшеленеді.

Басқы сөзі (284-б.):

Сөйле дедің, аламан,
Керіліп бойып баламан.

Соңғы сөзі (287-б.):

Ерінбесең, келіншек,
Енді өзіме сәлем ет!

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкамен теріліп, түптелген.

Қашан, қайда жазылған. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.910/1.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Өлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Қостұрлиева Бестай – бұрынғы Гурьев облысы, Шевченко ауданы, Телман колхозының тұрғыны (1944 жыл).

Жазып алған. Қошанов. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Тілеужанов М. Ол туралы мәлімет 37-сипаттамада берілді..

Аннотациясы. Бұл беташар жырдың мазмұны көлемді емес. Өзге жырлардан ерекшелігі – келінге сәлем салдырғанда бірінші қайын атасын емес енесін атайды. Сондай-ақ қайын аға секілді отбасындағы жасы үлкен жандарды емес, қайын інісінен бастайды.

Басқы сөзі (287-б.):

Келін, келін келіңіз,
Құтты болсын жеріңіз.

Соңғы сөзі (289-б.):

Ерінбесең, жеңеше,
Сәлем етші өзіме!

Қолтаңбасы. Машинкамен терілген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін машинкамен теріліп, түптелген. Кирилл әрпінде.

Қашан, қайда жазылған. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.910/1.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Дамыллаев Мұстафа (1916 жылы туған) – Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қандөз аулында дүниеге келген. Түркістан қаласында теміржолшы қызметін атқарған. Руы – орта жүз, маңғытай. Түркістан қаласының тұрғыны (1997 жыл).

Жинаушысы. Қ. Сағтаров, С. Жантасова.

Аннотациясы. Бұл беташар жыры өте көлемді. Жыршы басында сөзін «Бисмилладан» бастайды. Келіннің бетін ашуға кіріскенін, міндетін абыроймен атқармаққа бел буғанын білдіреді. Шарифат пен қазақ салтындағы келінге қатысты тыйымдарды айтып, ескертеді. Жырдың бір ерекшелігі – сәлемді ең бірінші әрауақтарға салдырып, кейін сол жұрттың қарияларын атап салдырып, кейін отбасы мүшелеріне тоқталады. Келінге қатысты өсиет-ақылын тағы да пысықтай айтып, ең соңында жиналған қауымнан бата сұрайды.

Басқы сөзі (16-б.):

Бисмилла сөзді бастайын,
Асықпайын, саспайын.

Соңғы сөзі (38-б.):

Ықыласыңмен бата бер,
Қолымызды жаяйық!

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін сарғыш түсті кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылған. 1997 жылғы Түркістан фольклорлық экспедициясы кезінде Түркістан қаласында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/112.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Омаров Тәттібек – 1920 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Еңбек аулында туған. Ұлы Отан соғысының ардагері. Қарағаш орта мектебінде мұғалімдік қызмет атқарған. Руы – Шор. Мәтінді орындаған кезде 70 жаста болған (1990 жыл).

Жинаушысы. Төлегенова Мәрияш – Қарағанды Мемлекеттік университетінің 1-курс студенті (1990 жыл).

Аннотациясы. Бұл беташар жырдың мазмұны толық емес. Тек жырдың кіріспесі секілді. Тек келінге бірнеше тыйымдар айтылып, соңына дейін жыр аяқталмай қалған.

Басқы сөзі (13-б.):

Айт, келін-ау, айт келін,
Аттың басын тарт, келін!

Соңғы сөзі (13-б.):

Сыбырласар, сылқ етер,
Сырласы да болады.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін альбом қағаздарына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында жазылған. 1990 жылы Қарағанды мемлекеттік университеті филология факультеті студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.940, 2-дәп.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Оспанова Гүлдар – Өзбекстан Республикасы, Сейхунабад ауданы, Социализм совхозының тұрғыны (ежелгі Мырзашөл қазағы).

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Көптеген беташар жырларда келінге бірінші сәлемді үлкенге салдырса, бұл жырда бірінші қайын сіңлісінен бастап, кейін қайын інісіне, сосын абысынына, қайын ағасына, атасына, енесіне кезекті кейін береді. Ең соңында жалпы жұртқа сәлем салдырады.

Басқы сөзі (55-б.):

Анау тұрған бикеші,
Жібектен ескен шүйкесі.

Соңғы сөзі (56-б.):

Өзіңіз-ақ келдіңіз бе,
Жалпы жұртқа бір сәлем!

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген. Түптелген.

Қашан, қайда жазылған. 1996 жылы Ташкент қаласында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папқасы. ӘӨИ: Ш.920/105.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Қ.Саттаров және Зүбайра Мамитова.

Аннотациясы. Жыршы сөзін «Бісмилләдан» бастап, келін түскен елдің билеріне деген арнау сөздерімен жалғастырады. Кейін әулеттің әрбір мүшесіне сәлем салғызады. Ең соңынан барша жұртты да қоса кетеді.

Басқы сөзі (60-б.):

Бисмилла деп бастайын,
Басқа бір сөзді тастайын.

Соңғы сөзі (63-б.):

Қуанышты бөліскен,
Ел, әлеуметке бір сәлем!

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін ақ қағазға көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылған. Белгісіз.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/105.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Бұл жыр ең бірінші Жаратушыға сыйынумен басталады. Бұдан кейін жыршы келінге Құдай жолы мен әруақтарға сәлем салдырады. Жыр сонысымен де көптеген жырлардан ерекшеленеді. Бұдан кейін отбасының әрбір мүшесінің түсін түстеп айтып, соларға сәлем салғызады.

Басқы сөзі (117-б.):

Жаратқан барша жанды Сұбыханым,
Халыққа жар бола көр, Жаратқаным.

Соңғы сөзі (119-б.):

Иіліп, қалқам, сәлем ет
Мұрны жалпақ Тоймасқа.

Қолтаңбасы. Сапарқызы Гүлзира – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтының студенті (1993 жыл).

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. 1988 жылы Әмудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиеті мен этнографиялық мұрасын жинау экспедициясы кезінде жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/83.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы Беташар.

Айтушысы. Сыздыққызы Бибіжан – 1907 жылы Қарағанды облысы, 9 ауылнайға қарасты Айналы-Нияз аулында дүниеге келген. Мәтінді айтқанда 83 жаста. Қарағанды облысы, бұрынғы Ульянов ауданы, Төрткөл ауылының тұрғыны.

Жинаушысы. Мардашева Э. – Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенті.

Аннотациясы. Қысқа ғана бұл беташар жырында келінге қатысты тыйымдар аталған. Жыр 16 тармақтан, бір шумақтан ғана тұрады.

Басқы сөзі (5-б.):

Айт келін-ау, айт, келін,
Атыңның басын тарт, келін.

Соңғы сөзі (5-б.):

Көн етігің күрпілдеп,
Ел қыдырма, келіншек!

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Мәтін төркөз оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылған. Қарағанды облысы, Төрткөл ауылында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.953.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.90: Ғұрыптық фольклор. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: «Фолиант», 2012. – 432 бет.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Жұмаділова Мейрамгүл – М.О.Әуезов ағындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері (1998 жыл). Қазірде филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Тапсырушы. Жұмаділова Мейрамгүл.

Аннотациясы. Беташар жас келінге өсиет, ырым-тыйымдарды айтумен басталады. Барлық туған-туысқа сәлем салғызады. Әр туыстың туыстық ерекшелігін атап көрсетеді.

Басқы сөзі (3-б.):

Уа, халайық бет аштым,
Домбыра алып қолыма.

Соңғы сөзі (6-б.):

Осы отырған қауымға
Иліп сәлем беріңіз..

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1998 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған этномәдени экспедиция мүшелері Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, С.Торайғыров шаруашылығында өткен той кезінде жазып алған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.1136.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Жинаушысы. Хамзин М. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Қозыбақов Б. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Айтушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Беташарда ақын жігіт қазақы дәстүрдің ел берекесін ұстап тұрудағы ерекше рөлін айта отырып, енді сол елдің арасына енгелі тұрған жас келіннің де қалыптасқан дәстүрді берік ұстанып, үлкенді құрметтеп, кішіні аялап, сый-құрметін түсірмей, әулет абыройын асқақта-та түсуді өлеңмен өрбітеді. Жиналған әлеуметтің алдында келіннің бетін ашып, көпшілікке көрсетеді.

Басқы сөзі (26-б.):

قاسىڭا كەلدىم، جانىم-اۋ،
بەتكىدى سەنىڭ اشارعا.

Соңғы сөзі (23-б.):

قۇرپ ەبىر وتىر جۇيكەسى،
بيكە شىنە ەبىر سالەم.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Оқушы дәптеріне қара сиямен араб әрпімен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1905-1911 жылдары жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптелмеген, парактарының шеттері жыртылып ескіре бастаған.

Папкасы. ӘӨИ. Ш.325, 4-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Айтушысы. Палымбетов Әуезхан – Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы Шіркейлі ауылының тұрғыны.

Жинаушысы. Қызылорда Педагогикалық институтының студенттері (1990 жыл).

Аннотациясы. 1990 жылдары ел арасына кеңінен таралған беташардың бірі.

Басқы сөзі (45-б.):

Жақсы істердің жаршысы,
Ақылшысы, сырласы.

Соңғы сөзі (47-б.):

Сенімменен алға бас
Бір сәлем етіп маған да!

Қағазы, әріп-сиясы. Кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1990 жылы Қызылорда Педагогикалық институтының қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.1062.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Беташар

Аталуы. Беташар.

Жинаушысы. Хамзин М. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Қозыбақов Б. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Айтушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Жас келіннің бетін ашқалы тұрған ақын жігіт думанды тойға жиналған көпшілікке салмақты сөзден насихат айтып, сол арқылы жеңе түскен келінге де тәрбие беріп, шаңырққа енгеннен кейінгі келіннің жүріс-тұрысы, әдеп-ибасы, ізет, құрметі барлығы жан-жақты астарлап, ашық та айтылады.

Басқы сөзі (22-б.):

توي دەسە جۇرت كەلەدى جيلپ-اي،
قزىل تون، الا شاپان كينپ-اي.

Соңғы сөзі (23-б.):

جاربگا ءتاگرى قوسقان جالنباساڭ،
مرزاعا قايدا دا قزى تابىلىپ ءجۇر.

Қолтаңбасы. Жинаушыныңкі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Оқушы дәптеріне қара сиямен араб әрпімен жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1905-1911 жылдары жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке үш қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптелмеген, парактарының шеттері жыртылып ескіре бастаған.

Папқасы. ӘӨИ:Ш. 325, 4-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Қазақтың беташары

Аталуы. Қазақтың беташары.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Қорқытов Б. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Беташарда жас келіннің алдағы күндердегі үлкендер алдындағы құрметі мен кіші алдындағы ізеті, жүріс-тұрысы, әдеп-ибасы, ата-енеге қылар қызметі сияқтылардың бәрін тізбектеп келеді де, соңында жиылған әлеуметке сәлем салғызып, жас келіннің бетін ашып, көпшілікке көрсетуі айтылады.

Басқы сөзі (1-б.):

Ашайын келін, бетіңді,
Сөйлеуге жүрек шешілді.

Соңғы сөзі (4-б.):

Ерінбесең, келінжан,
Әлеуметке бір сәлем.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы, Маңғыстау экспедициясы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Ш.1091, 4-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Қазақ халқының келін түскендегі беташары

Аталуы. Қазақ халқының келін түскендегі беташары.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Байбатыров М. Ол туралы мәлімет 12-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Қазақ халқының дәстүрлі беташарларының бірі. Мәтінде ұлттық салт-дәстүрге қатысты өсиеттер мен ырым-тыйымдар айтылады. Қайынатадан бастап сәлем салғызады. Қайынағаға сәлем салғаннан бастап мәтін үзіледі. Беташар аяқталмаған.

Басқы сөзі (20-б.):

Айт келін, айт келін
Атың басын тарт келін.

Соңғы сөзі (23-б.):

Атын атап беріңіз
Сонау қайнағаға бір сәлем.

Қағазы, сиясы, әрпі. Кирилл әрпінде жазылған. Машинкаға терілген.

Қашан, қайда жазылған. 1954–1959 жылдары Алматы облысында жазылған.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталған, ернеулері желімденген.

Қосымша белгілері. Жоқ.

Папкасы. ӘӨИ: Ш. 356/4.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т.91: Ғұрыптық фольклор. Мұң-шер өлеңдері. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Жақан Д. (жауапты шығарушы), Оралбек А.. – Астана: «Фолиант», 2013. – 432 бет.

Қазақ халқының келін түскендегі беташары

Аталуы. Қазақ халқының келін түскендегі беташары.

Жинаушысы. Байбатыров М. Ол туралы мәлімет 12-сипаттамада берілген.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Айтушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Шаңыраққа жаңа енген жас келіннің құтты қадамына тілектестік айтыла келіп, келінді сол әулеттің барлық үлкен-кіші, ағайын-туысымен таныстырады. Соынмен қатар үлкендер алдындағы қызметін мүлтіксіз атқарып, елге сыйла болуын, әулет жүзін жерге қаратпайтын әдепті, ибалы келін болуының шарттарымен, жөн-жоралғылармен таныстырылады.

Басқы сөзі (24-б.):

At kelin, at kelin,
Atyń basyn tart kelin.

Соңғы сөзі (26-б.):

Atyn atap berińiz,
Sonaý qanaǵaǵa bir sálem.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Ақ түсті кеңсе қағазына латын әрпінде машинкамен терілген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1954-1959 жылдары жазылып алынған.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папқасы. ӘӨИ:Ш. 356, 4-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Тойдағы беташар

Аталуы. Тойдағы беташар.

Айтушысы. Бейсенбаев Жарас Тұмтайұлы – бұрынғы Жезқазған облысы, Ағадыр ауданының тұрғыны. 1974 жылы туған.

Жинаушысы. Дүйсенбаева Л., Қанжапова М. – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенттері (1991 жыл).

Тапсырушы. Рахымов Берік. Ол туралы мәлімет 6-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Ел арасына таралып, тойларда жиі айтылатын беташардың бірі. Мәтіннен кейінгі жылдары айтылып жүрген беташар екені білінеді.

Басқы сөзі (11-б.):

Өлеңнен алқа тағайын,
Домбырам ішегін қағайын.

Соңғы сөзі (12-б.):

Төлеукұл деген қайынаған
Екі көзі жайнаған.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1991 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.955.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Қыз ұзату

Аталуы. Қыз ұзату.

Айтушысы. Жұматаева Күлпан – бұрынғы Жезқазған облысы, Ағадыр ауданы, Мойынды елдімекенінің тұрғыны. 1924 жылы туған. Зейнеткер.

Жинаушысы. Дүйсенбаева Л., Қанжапова М. – Қарағанды Мемлекеттік Университетінің студенттері (1991 жыл).

Тапсырушы. Рахымов Берік. Ол туралы мәлімет 6-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Айтушы қазақ халқының қыз ұзату дәстүрін кеңінен әңгімелейді. Құда болу дәстүрі мен құдалықтың түрлерін санмалап көрсетеді. Ел арасына тараған сыңсу мәтінінен мысал да келтіреді.

Басқы сөзі (7-б.): Атамыз қазақ қыз баланы он үш жасында отау иесі дейді.

Соңғы сөзі (8-б.): Қыз жат жұртқа барған кезінде жар-жар айтылып, оның бетін ашқан, қыздың бетін ашарда әдетте әйелдер немесе кәрі әжелер «менің жасымды берсін, жолымды берсін» деп ақ тілектерін айтқан.

Қағазы, әріп-сиясы. Оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1991 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналасуы. Әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. ӘӨИ: Қ.955.

Библиографиясы. Жарияланбаған.

Келіншек

Аталуы. Келіншек.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Б.Доспанбетов.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Өлеңде жас келіннің сол шаңырақтың алдындағы міндеті, құрметі, әдеп-ибасы, іс-әрекеті барлығы өз ретімен айтылып келеді де, әулеттің бұрынғы өткен аруақтарына, үлкендеріне, ағайын-туысқа сәлем салдырып, келіннің бетін ашып, көпшілікке көрсетеді.

Басқы сөзі (1-б.):

Айт келіншек, айт келін,
Аттың басын тарт, келін.

Соңғы сөзі (7-б.):

Қара етігім бар деп,
Қарай баспа, келіншек.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен терілген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Ш.1091, 9-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Жар-жар

Аталуы. Жар-жар

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Қ.Саттаров, С.Жантасова.

Тапсырушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. «Жар-жардың» бұл мәтінінде ұзатылғалы жатқан қыздың ата-анасына деген қимастығы баяндалады. Мәтіндегі мұңды сарын, ырғақтық өлшем өлеңнің синкреттілік сипатын айқындай түскен. Өлең он бір, он үш, кейде төрт буынды жыр ағымымен айтылады.

Басқы сөзі (119-б.):

Сынбаса да қабырғам сөгіледі, жар-жар,
Жатсам, тұрсам ата-анам кетпейді ойдан, жар-жар.

Соңғы сөзі (119-б.):

Ата-анамды ойласам,
Көздің жасы қойныма төгіледі, жар-жар-ау!

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Шығарма кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/117.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 90: Ғұрыптық фольклор / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.

Жар-жар

Аталуы. Жар-жар

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Тапсырушысы. Қыдырәлі Саттаров.

Аннотациясы. Өлеңнің бастапқы жолдары кезекті ұйқасқа құрылған. Мәтінде басқа нұсқалардағыдай «жар-жар» деген қайырма сөздер айтылмайды. Алғашқы жолдары 4, 5, 7, 8 буынды жыр үлгісінде басталып, 11 буынды қара өлең түрінде жалғасады.

Басқы сөзі (11-б.):

Істеп жатқан бұл тойды,
Той деменіз.

Соңғы сөзі (12-б.):

Сылап-сипап өсірген жаман әжем,
Үйден шықпай сағындым дидарыңды.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Шығарма кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1981 жылы, Мырзашөлде.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/56.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 90: Ғұрыптық фольклор / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.

Жар-жар

Аталуы. Жар-жар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Қанжалиева М., Дүйсенбаева Л. Олар туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Қанжалиева М., Дүйсенбаева Л.

Аннотациясы. Бұл мәтінде «жар-жардың» ескі ғұрыптық мазмұны әлсіреп, көркемдік-идеялық сипаты өзгерген. Мәтінде жүрек тебіренертердей мұңды саз, аянышты сезім емес, керісінше ойнақы, қуанышты көңіл-күй басым. «Жар-жардың» бұл нұсқасы қазіргі заманауи тойларда екі жасқа арналып орындалады. 6-7 буынды жыр үлгісіне құрылған.

Басқы сөзі (9-б.):

Үлкені мен ауылдың,
Жасы мұнда, жар-жар.

Соңғы сөзі (9-б.):

Ата-ананың борышын
Ақтаңыздар, жар-жар.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Шығарма тор көзді кенсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1991 жылы, бұрынғы Жазқазған облысы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папқасы. ӘӨИ: Ш.955.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 90: Ғұрыптық фольклор / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.

Жар-жар

Аталуы. Жар-жар

Айтушысы. Зауырбекова Сапіш Кенжебайқызы. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Сыдығалиева С. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Рахымов Б. Ол туралы мәлімет 6-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Өлең мазмұнында ұзатылғалы отырған қыздың атынан қыз ғұмырының әділетсіздігі, қалыңмал құрбаны, әйел затының ауыр халі жайында баяндалады. Сондай-ақ, «ол жақта да ата-ананның орнын басар ата-енең бар» деп қыздың барған жерін жатсынбай, тез әлеуметтенуіне жұбату да айтылады. Мәтін 11, 12 буынды өлең үлгісіне құрылған.

Басқы сөзі (1-б.):

Ақ отауым тіккен жер майдан болсын, жар-жар,
Ақ жүзімді көргендер қайран болсын, жар-жар.

Соңғы сөзі (1-б.):

Шымылдығым желпи сал,
Көрсін көкем жар-жар-ау.

Қолтаңбасы. Сыдығалиева С.

Қағазы, әрпі, сиясы. Шығарма кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1991 жылы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.931.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 90: Ғұрыптық фольклор / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.

Жар-жар

Аталуы. Жар-жар

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Тапсырушысы. Қыдырәлі Саттаров.

Аннотациясы. Өлеңнің ұйқасы толымды, идеялық мазмұны терең. Мәтінде жаттанды, құрама жолдар жоқ. Өлең жолдары мағыналық тұрғыдан өзара қиюласқан көркемдік-эстетикалық сапасы жоғары тармақтардан тұрады. 6-7 буынды жыр ағымымен айтылады. Соңғы өлеңнің ұйқасы шалыс ұйқасқа құрылған. Бірінші тармақ үшінші тармақпен, екінші тармақ төртінші тармақпен, яғни тағы мен тағы, жұбы мен жұбы ұйқасқан. Жыр өлшемімен жазылған. Буыны 7-8 буынды, екі бунақты өлең. Ұйқасы толымды болып келеді. Ұйқас дыбыстардың соңғы дауыстыға да, дауыссызға да бітіп отырады.

Басқы сөзі (106-б.):

Аужар басын сұрасаң,
Былай болар жар-жар.

Соңғы сөзі (108-б.):

Бір міндеттен құтылдым,
Десін ағам жар-жар.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Шығарма кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1993 жылы, Ташкент қаласы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/83.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 90: Ғұрыптық фольклор / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.

Жар-жар

Аталуы. Жар-жар.

Айтушысы. Әбдімүмінова Жұман. Ол туралы мәлімет 34-сипаттамада берілген.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Көшірушісі. Абдуллаева Дариха.

Тапсырушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Аннотациясы. Мәтін 6, 7, 8 буынды қысқа-қысқа қайырымдарға құрылған. Өлең қисынды да әуезді тығыз ырғақпен айтылады. «Жар-жардың» дәстүрлі композициялық, интонациялық-мелодикалық құрылымына сәйкес жыр үлгісінде келеді.

Басқы сөзі (120-б.):

Биссмила деп бастайын,
Аужар басын, жар-жар-ау.

Соңғы сөзі (121-б.):

Айырбастап сатқанын,
Бүгін білдім, жар-жар-ау.

Қолтаңбасы. Абдуллаева Д.

Қағазы, әрпі, сиясы. Шығарма кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1993 жылы, Ташкент қаласы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папқасы. ӘӨИ:Ш.920/83.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 90: Ғұрыптық фольклор / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – Б. 109-110.

Жар-жар

Аталуы. Жар-жар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Тапсырушысы. Қыдырәлі Саттаров.

Аннотациясы. Өлеңнің құрылымы 4, 6, 8 тармақты, 7 буынды жолдардан тұрады. Өлең негізінен ұзатылғалы жатқан қыздың сіңілісінің атынан айтылады. Өлеңде әпкеге деген кимастық, алдағы өмірін уайымдау сарыны басым. «Жар-жардың» тұрақты сөз қолданыстарымен айтылғанымен, мәтінге авторлық бояулар қосылып, өлең мәтінінің көркемдік сапасының салмақтанғаны анық байқалады.

Басқы сөзі (26-б.):

Сылдыр-сылдыр жерлерге
Сырғам түсті, жар-жар-ау.

Соңғы сөзі (27-б.):

Есік алды көк сиыр
Сүтті болсын, жар-жар-ау.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Шығарма кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1981 жылы, Мырзашөлде.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/56.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 90: Ғұрыптық фольклор / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.

Жар-жар

Аталуы. Жар-жар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Тапсырушысы. Саттаров Қыдырәлі.

Аннотациясы. Өлеңнің бастапқы шумақтары төрт тармақты, жеті буынды жыр үлгісімен басталып, соңы ұзынды-қысқалы айнымалы ырғақпен айтылады. «Жар-жардың» бұл қалыптасқан, жаттанды мәтініндегі сөз образдары мен өлең өлшемдерінің ішкі логикалық байланыстары берік сақталған. Өлең нағыз фольклорға тән поэтикалық тілмен, тіпті кейбір жолдары риторикалық сұрай арнау түрінде келеді.

Басқы сөзі (27-б.):

Әу жар болсын, жар болсын,
Жар-жар болсын, жар-жар-ай.

Соңғы сөзі (29-б.):

Көктемеде кой өлер,
Қомырт болып.

Қолтаңбасы. Жинаушыныңкі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Шығарма кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1981 жылы, Мырзашөлде.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/56.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 90: Ғұрыптық фольклор / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Әлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.

Жар-жар

Аталуы. Жар-жар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Саттаров Қ. Ол туралы мәлімет 1-сипаттамада берілген.

Тапсырушысы. Қыдырәлі Саттаров.

Аннотациясы. «Жар-жардың» бұл мәтіні біршама тұрақты, қалыптасқан нұсқа деуге болады. Өлеңнің әр жолынан кейін қайырма ретінде «жар-жар» сөзі қайталанып отырады. Мәтін мазмұны бойынша ұзатылар бойжеткенді ата-ана, туған-туыс, бауырларын қоштасу сәтте жоқтамауға шақырғанымен, олардың орнын ешнәрсе толықтара алмайтыны мұңды сазбен жеткізіледі. Өлең 7 буынды жыр ағымымен айтылады.

Басқы сөзі (76-б.):

– Есік алды қара су,
Майдан болсын, жар-жар.

Соңғы сөзі (79-б.):

Астанасы алтыннан,
Үй сенікі, жар-жар!

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Шығарма кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Қашан, қайда жазылғаны. 1981 жылы, Мырзашөлде.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ӘӨИ: Ш.920/56.

Библиографиясы. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 90: Ғұрыптық фольклор / Томды құрастырып баспаға дайындағандар: Алпысбаева Қ.Б., Өлбеков Т., Қосан С., Мурсалимова Н.М. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.

Жар-жар

Аталуы. Жар-жар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Белгісіз.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Мәтінде жас келіннің әулет алдындағы міндеті, көрсетер құрметі, әдеп-ибасы, іс-әрекеті барлығы тізбектеліп келеді де, әулеттің үлкендеріне, ағайын-туысқа сәлем салдырып, соңында келіннің бетін ашып қауымға көрсетуі айтылады.

Басқы сөзі (13-б.):

Бір толарсак, бір тобық санда болар жар-жар,
Қырық кісінің ақылы ханда болар жар-жар.

Соңғы сөзі (16-б.):

Сінлім-ай деп жылама қыздар байқұс жар-жар,
Сіндің үшін қайынсінді орын басар жар-жар.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына кирилл әрпінде машинкамен терілген.

Қашан, қайда жазылғаны. Белгісіз.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Ш.1091, 9-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Жар-жар-ау

Аталуы. Жар-жар-ау.

Айтушысы. Тілеуімбет Ж. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Жинаушысы. Мырзақмет Н. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Жар-жарда босаға аттағалы тұрған келіннің өзі келін болатын шаңырақтың алдындағы міндеті, атқарар қызметі, әдеп-ибасы сияқтылар айтылады да, әулет ақсақалдарына, ағайын-туысқа сәлем салдырып, соңында келіннің бетін ашып жиылған жұртқа көрсетуі айтылады.

Басқы сөзі (1-б.):

ۇلى دا كىشى اعايىن،
سىزدەردەن رۇقسات الين.

Соңғы сөзі (6-б.):

بۇل قورلىقتى كورگەنشە،
نه گە ولمەدىڭ جار-جار.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1947 жылы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Ш.1091,10-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Жар-жар

Аталуы. Аужар.

Айтушысы. Белгісіз.

Тапсырушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Жақыпбердіұлы.

Аннотациясы. Мәтінде өз үйінен жат жұрттық болып аттанып бара жатқан қыздың ағайын, тума-туысқа деген қимастығы, ішкі өкпе-назы, мұң-зары айтылады.

Басқы сөзі (3-б.):

بۇل دۇنيەدە نە قاتى جیدە قاتى،
باسىنداى ماۋەسى بالدان ءتاتى.

Соңғы сөзі (3-б.):

اينالايىن اكهمدى ساعىنار هم،
مالعا ساتىپ جببهردى نە قىلايىن.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Кеңсе қағазына қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1937 жылы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папқасы. ОҒК: Ш.1091,16-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Жар-жар

Аталуы. Аужар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Диваев Ө. Ол туралы мәлімет 13-сипаттамада берілді..

Тапсырушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Жар-жарда бойжткен қыздың ұзатылар алдындағы қимастық көңілі, бірге ойнап өскен құрбыларымен, туған жерімен, ата-ана, ағайынмен қоштасуы, балалықтың артта қалып, түрлі ойда қалған ішкі мұңы айтылады.

Басқы сөзі (2-б.):

كۈلۈپ-ويناپ كۈلمەيمىن ەشكىممەنەن جار-جار-اۋ،
كۈنى-ءتۈنى ويلايمىن ءتۈرلى ويدي جار-جار-اۋ.

Соңғы сөзі (3-б.):

باسىڭ جەتپ وتىرسىڭ جار-جار-اۋ،
تاماشانىڭ قىزىعىن كەين كورگەن جار-جار-اۋ.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, әрпі, сиясы. Оқушы дәптеріне қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қашан, қайда жазылғаны. 1927 жылы.

Беттелуі. Еуропа цифрымен беттелген.

Мәтіннің орналастырылуы. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның ақауы жоқ.

Папкасы. ОҒК: Ш.1091,17-дәп.

Библиографиясы. Еш жерде жарияланбаған.

Жар-жар

Аталуы. Аужар.

Айтушысы. Белгісіз.

Жинаушысы. Диваев Ө. Ол туралы мәлімет 13-сипаттамада берілді..

